



## ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыс отырысы өтті.

Жиында тарифтік қактығыстар салдарынан әлемдік нарықтағы жағдайдың өзгеруіне байланысты еліміздің іс-қимыл жоспары талқыланды.

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің, сондай-ақ басқа да құзыретті органдар басшыларының баяндамалары тыңдалды.

Президент қазіргі жаһандық экономикадағы ахуалдың тұрақсыз сипат ала бастағанын, сондықтан кез келген жағдайға дайын болу қажет екенін атап өтті.

Кеңес отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы жұмыстың негізгі бағыттарын айқындады.

— Үкіметтің міндеті — халықтың әл-ауқатын, экономикалық өсім қарқынын және тартылатын инвестиция

көлемін төмендетуге жол бермеу, — деді Мемлекет басшысы.

Президент әлемдік деңгейдегі дағдарыстар әрдайым сын-қатерге толы болғанымен, дамудың жаңа көкжиегін ашатынын да айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстанның экономикалық, көлік-логистикалық және адами әлеуетін нығайтуға ықпал ететін нақты стратегиялық бағыттарды атады.

Ірі инфрақұрылымдық жобалар мен цифрландыру жоспары еліміздің экономикалық саясатының басты бағыттары болып қала береді.

— Халық алдындағы негізгі әлеуметтік міндеттемелердің бәрін орындауға және маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруға тиіспіз, — деді Президент.

Мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын сақтау мен ақша-несие саясатын іске асыру тетіктерін жетілдіруге ерекше назар аударылды.

Жиын соңында Президент мемлекеттік органдарға бірқатар нақты тапсырма берді.

## ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ІЛГЕРІЛЕУДІҢ МӘНІ ЗОР



Мемлекет басшысы «Яндекс GLOBAL» компаниясының бас директоры Даниил Шулейконы қабылдады.

Кездесу барысында Yandex Қазақстан компаниясы қызметінің негізгі бағыттары мен жоспарлары қарастырылды. Атап айтқанда, компанияның интернет-платформа арқылы халықты жұмыспен қамту және

жасанды интеллект технологиясын дамыту бастамаларына айрықша назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Yandex Қазақстан компаниясының цифрлық трансформацияға, шағын және орта

бизнесіне қолдауға, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға қосқан үлесіне жоғары баға берді.

Бұдан бөлек, мәдени мұраны озық технологиялармен интеграциялау мәселесі талқыланды. Президент жасанды интеллект қарқынды дамып жатқан кезеңде мәдени бірегейлікті сақтаудың, сонымен қатар қазақ тілі мен мәдениетін цифрлық кеңістікте ілгерілетудің мәні зор екенін атап өтті.

Өз кезегінде Даниил Шулейко платформа арқылы жұмыспен қамту жобасы нәтижесінде 65 мыңнан астам автокөлік жүргізушісі «Яндекс.Такси» серіктесі ретінде әлеуметтік қорғауға ие болғанын жеткізді. 2024 жылы компания елімізге 29,5 миллиард теңге көлемінде салық төлеген, ал 2016 жылдан бері Қазақстан экономикасына 225 миллиард теңгеден астам инвестиция құйған. Сонымен қатар «Яндекс Global» басшысы Астанада жаңа инновациялық жобаларды іске қосу жоспары жөнінде баяндап, AI-Sana бағдарламасына атсалысуға дайын екенін растады.

## БАСПАНА ЖАЙЫ БАЙЫПТЫ МА?



Соңғы жылдары әлеуметтің осал топтарына — көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, толық емес отбасылар, жетім балаларға мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, жұмысшы мамандардың әлеуметтік ахуалы назардан тыс қалған еді.

## ҒАСЫР ЖАСАҒАН АРДАҒЕР



Қан майданда жаумен кескілескен ұрыста Отаны үшін от кешіп, Жеңіс үшін жанын салған майдангерлер қатары күн өткен сайын сиреп барады. Дегенмен отты жылдарды басынан өткеріп, жаумен арпалысқан қазыналы қариялар саусақпен санарлық болса да әлі де ортамызда.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Президентке Парламент Мәжілісі қызметінің нәтижелері жөнінде мәлімет берілді.

Сессия басталғалы бері 62 заң қабылданып, Сенатқа жолданған. Оның ішінде 55 заңға Президент қол қойған. Қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің қатарында Су кодексі, сондай-ақ қаржы нарығын дамыту және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау, тауарлардың шығарылған елін айқындау, денсаулық сақтау және ойын бизнесі туралы маңызды заңдар бар.

Бүгінге дейін депутаттардың қарауына 76 заң жобасы келіп түсті. Президент тапсырмасына сәйкес, Салық, Құрылыс кодекстері мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға, ғылыми зерттеу аумақтарын дамытуға, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіруге және жасанды интеллектке қатысты заң жобалары бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Мәжіліс Төрағасы жаңа Салық кодексінің бірінші оқылымының қорытындыларын, Президенттің Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтай

отырысында берген тапсырмаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстары туралы баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа депутаттардың өңірлерге іссапарлары кезінде азаматтардан түскен арыз-шағымдарды мемлекеттік органдардың қарауы, Президенттің саяси реформаларын жүйелі жүзеге асыру мәселелері пленарлық отырыстарда тұрақты талқыланып келе жатқаны жайында айтылды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам», «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Әкімдер мектебі» жобаларының жүзеге асырылу барысы таныстырылды.

Бұдан бөлек, Ерлан Қошанов парламенттік дипломатия аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысына тоқталды. Атап айтқанда, Мәжіліс делегациясы Ташкентте өткен 150-ші Парламентаралық одақ ассамблеясына қатысып, Мемлекет басшысының әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған реформаларын таныстырған. Мұндай жұмыс ҰҚШҰ парламенттік ассамблеясы, Түркі мемлекеттерінің парламенттік ассамблеясы, ТМД парламентаралық ассамблеясы және басқа да бағыттағы халықаралық ынтымақтастық шеңберінде белсенді жүргізіліп жатыр.

## ӘЛЕМГЕ ТРАНЗИТТІК ҚҰШАҒЫМЫЗДЫ АШЫП ОТЫРМЫЗ

Бүгінгі турбулентті геосаяси жағдай әлем елдері сияқты Қазақстанды да барлық мүмкіндікті қарастыра отырып, өз даму жолын іздеуге итермелейді. Соның әлеуеті зор бір тұсы — көлік транзиті. Еліміз еуразиялық логистикадағы «Орта дәліз» аталатын белдеудің ажырамас бөлшегі. Мемлекет басшысының қазіргідей геоэкономикалық ахуалда географиялық артықшылықтарымызды барынша пайдалану туралы бастамасы осыған негізделген.



9 сәуірде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің, Ұлттық банк басшысының және Үкіметтің негізгі мүшелерінің қатысуымен кеңес өткізді. Онда «тарифтер соғысы» кезіндегі әлемдік экономиканың тұрақсыздығы кеңінен талқыланды. Сарапшылардың пікірінше, бұл ұзақмер-

зімді перспективада жаһандық экономикалық өсу қарқынын 1%-ға төмендетуі мүмкін. Сондықтан да Қазақстан оған дайын болуға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда «Орта дәліз» жаһандық турбуленттілікке стратегиялық жауап болып отыр.

17 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

## РУХАНИ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТ



Парламент Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев Сауд Арабиясына сапары барысында «Дін лидерлері әділетті және қауіпсіз әлем үшін» атты дөңгелек үстелге қатысты. Форумда қатысушылар өзара іс-қимылды нығайту және адамзатты алаңдатып отырған өзекті проблемаларды еңсеру тәсілдерін жетілдіру жөнінде пікір алмасты. Іс-шара аясында Сенат Төрағасы Дүниежүзілік ислам лигасының басшылығымен кездесті.

Мәулен Әшімбаев дөңгелек үстелге қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, қазір бүкіл әлем жаңа жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Сондай-ақ ол осындай алмағайып кезеңде аталған ауқымды іс-шараны ұйымдастырып отырған Дүниежүзілік ислам лигасы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының миссиясы айрықша мәнге ие екенін, бұл бастама халықтар, мәдениеттер және діндер арасындағы байланысты жолға қоюды көздейтінін айтты. Бүгінде геосаяси шиеленіс, экологиялық және экономикалық тұрақсыздық, пандемия сияқты түрлі проблемалар бүкіл әлемнің дамуына айтарлықтай теріс әсерін тигізуде. Осы ретте әртүрлі конфессиялардың, халықаралық және саяси ұйымдардың өкілдерін біріктіретін дөңгелек үстел өткізу сындарлы диалог құру жолындағы маңызды және уақытылы алаң екені анық.

«Біз қазіргі сын-қатерлердің, ең алдымен, ушыға түскен геосаяси шиеленістің салдарын еңсеру жолында күш-жігерімізді біріктіру үшін қасиетті жерде жиналып отырмыз. Бүгінде Таяу Шығыста, Палестинада, Газада қиын жағдай қалыптасып, бейбіт тұрғындар зардап шегуде. Бұл мәселеде кантөгисті дереу тоқтатып, саяси диалогты жандандыру қажет. Аталған процессте Дүниежүзілік ислам лигасы маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ дінге, нәсілге және сенімге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін айыптайтын Мекке декларациясының маңызы мен мәні зор. Құжат әлем жұртын төзбеушілік пен жеккөрушілікке қарсы бірлесіп әрекет етуге үндейді. Сондықтан бұл Декларацияны бәріміз Сауд Арабиясы мен Дүниежүзілік ислам лигасының жаһандық бейбітшілікті нығайтуға қосқан үлкен үлесі деп қабылдаймыз», — деді Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының Басшысы.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев дөңгелек үстелде көтерілген мәселелердің өзектілігіне ерекше назар аударып, әлемде әлеуметтік-экономикалық проблемалар да ушыға түскенін атап өтті. Сондай-ақ қалыптасқан рухани дағдарыс және табиғат пен қоғамға тұтынушылық көзқарас та адамзатқа өз салдарын тигізетіні сөз болды. Мұндай жағдайда жаһандық диалогты дамытудың және өзара сенімді нығайтудың жаңа тәсілдеріне деген қажеттілік арта түсетіні анық.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін қалыптастыру мәселелеріне үнемі баса мән беріп келеді. Осы мақсатпен Қазақстан Президенті бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс құру туралы бастама көтерді. Бұл процессте дін көшбасшылары айрықша рөл атқара алады. Биыл қыркүйек айында Астанада «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған VIII съезд өтеді. Қазір діни, саяси және қоғамдық көшбасшылардың бірлескен әрекеттері аса маңызды. Сондай-ақ съезд аясында Біріккен Ұлттар Ұйымы Өркениеттер Альянсымен бірлесіп, діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия ұйымдастырылады. Осы орайда съезд бен Дүниежүзілік ислам лигасының қызметіндегі негізгі басымдықтар ұқсас екенін атап өткен жөн. Біз алдағы уақытта осы жолда Лигамен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша Дүниежүзілік ислам лигасы мен Қазақстанда орналасқан Халықаралық конфессияаралық және дінаралық диалог орталығы арасында өзара түйсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Аята кетейік, дөңгелек үстелге Сауд Арабиясының мемлекеттік органдарының, академиялық топтардың, азаматтық қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысты.

Сонымен қатар бұл күні Мәулен Әшімбаев Дүниежүзілік ислам лигасы Бас хатшысының орынбасары Абдурахман бен Абдулла Әл-Зайден кездесті. Онда тараптар қазіргі сын-қатерлерге назар аударып, оларды еңсеру жолдарын талқылады. Сондай-ақ олар түрлі бағыттарда өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайту жөнінде пікір алмасты.

Өз тарапынан Дүниежүзілік ислам лигасы Бас хатшысының орынбасары Қазақстанның жаһандық дінаралық диалогты дамытуға арналған бастамаларын жоғары бағалады және бірлескен жобаларды іске асыру бағытындағы жұмысты әрі қарай жалғастыруға мүдделі екенін жеткізді. Атап айтқанда, Астанада Мұхаммед пайғамбардың өмірбаянына арналған халықаралық көрме ұйымдастыру және Ислам өркениеті мұражайын салу жөніндегі мәселелер сөз болды.

## ЭНДАУМЕНТ-ҚОРЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар бірінші оқылымда «Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» заң жобасын және оған ілеспе түзетулерді, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық регламенттелуін болғызбауға қатысты заң жобасын мақұлдады. Екінші оқылымда «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» және оған ілеспе заң жобаларын қабылдады.




«Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» заң жобасын депутаттарға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек таныстырды. Жаңа нормаларды Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет әзірленген. Бұл негізгі заң жобасы эндаумент-қорлар мен нысаналы капитал қорларын ашық түрде қалыптастыру және олардың жұмыс істеуі үшін құқықтық негіз болады.

Жұмыс тобының жетекшісі Жұдыз Сүлейменова өз баяндамасында заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар эндаумент-қорларды қаржыландыру салаларын нақты айқындағанына тоқталды. Атап айтқанда, білім беру, ғылым және инновациялық қызмет, бұқаралық спорт, дәрілік қамтамасыз ету және меди-

Талқылау барысында Мәжіліс депутаты Павел Казанцев заң жобасын әзірлеушілер нысаналы капитал қорын нақты қаражат алушы тараптың келісімінсіз құруды ұсынғанын атап өтті.

— Депутаттар маңызды түзету енгізді. Енді нысаналы капитал қорын құру кезінде, егер оның атауында белгілі бір пайда алушының есімі қолданылатын болса, сол тұлғаның жазбаша келісімі міндетті түрде талап етіледі. Бұл, біздің ойымызша, атауды алыпсатарлық мақсатта пайдаланудың алдын алады, — деді депутат.

Пікірталас қорытындысы бойынша, заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылданды. Талқылау жұмыс тобының алдағы отырыстарында жалғасатын болады.



циналық қызмет көрсету, халықты әлеуметтік қорғау салалары.

Эндаумент-қордың активтерінің құрамына ақшалай қаражат, бағалы қағаздар, жылжымайтын мүлік және зияткерлік меншік нысандары кіруі мүмкін. Мүлкті эндаумент-қорға шектеусіз мерзімге, бірақ кемінде 10 жылға беруге болады. Бұл ретте берілген мүлктің құны сақталуға тиіс. Ал оны басқарудан түскен инвестициялық табысты ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

Егер қор активтері заң жобасында белгіленген шекті мөлшерден асып кетсе, олар міндетті түрде кәсіби басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруына берілуі керек. Жұдыз Сүлейменованың айтуынша, депутаттардың ұсынысы бойынша бұл шек 10 мың айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде белгіленген.

Эндаумент-қорды басқару үшін заң жобасында коммерциялық емес ұйым болып саналатын мақсатты капитал қорының құрылуы көзделген. Жұмыс тобы оның әкімшілік-басқару шығындарына шектеу қойып, бұл шығындарды инвестициялық табыстың 15 пайызынан аспайтын деңгейде, ал табыс болмаған жағдайда эндаумент-қордың есепті жылдағы таза активтерінің орташа құнының 0,5 пайызынан аспайтын мөлшерде белгіледі.

Сонымен қатар депутаттар бірінші оқылымда Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбауға қатысты заңнамалық түзетулерді де мақұлдады. Бұл заң жобасы Президенттің 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау мақсатымен әзірленген. Заң жобасының нормаларымен депутаттарды Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Санжар Әділов таныстырды.

Жұмыс тобының жетекшісі Жарқынбек Амантай өз баяндамасында заң жобасының басты нормаларының бірі — жергілікті полиция қызметін қысқарту екенін атап өтті. Уәкілетті органның пікірінше, бұл қызметтің құрылуы күтілген нәтижелерді берген жоқ. Сондықтан ІІМ жергілікті полиция қызметі мен Әкімшілік полиция басқармасын қайта ұйымдастырып, олардың негізінде екі басқарма — құқықбұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету басқармаларын құруды ұсынады.

Сонымен бірге әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға арналған арнаулы қабылдау орындарында орын

жеткіліксіздігіне байланысты заң жобасында оларды қабылдау-бөлу орындарында ұстау тәртібі айқындалады.

Ал отандық және шетелдік инвесторларды тарту, сондай-ақ ел экономикасын дамыту үшін техникалық қарасора (каннабис) өсімдігінің өндірістік мақсатта өсіруге рұқсат етілген сорттарын анықтау мәселелерін заңнамалық деңгейде реттеу ұсынылып отыр.

Талқылау барысында Мәжіліс депутаты Қазыбек Әлішев 2022 жылғы I қантардан бастап құқық қорғау органдары мен әскери қызметкерлердің қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлерінің отбасы мүшелері бірреттік өтемақыдан бөлек, қосымша ай сайынғы төлемдер алуға құқылы екенін атап өтті (жесірлерге — өмір бойы, балаларға — 23 жасқа толғанға дейін). Алайда бұл жеңілдік 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін, яғни тиісті заң күшіне енбей тұрып қаза тапқан қызметкерлердің отбасыларына қолданылмаған.

Депутат Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында бұл әділетсіздікті жою мақсатымен заңға түзетулер енгізілгенін айтты. Бүгінде ондай отбасылар саны — 530.

Сондай-ақ Мәжіліс «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» заңды және оған қатысты түзетулерді екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Максим Рожиннің айтуынша, бұл негізгі заңда аумақтық қорғаныс дербес сала ретінде айқындалып, оның міндеттерін орындауға арналған күштер мен құралдардың құрамы, мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктері, сондай-ақ осы саладағы заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттері белгіленген.

Заң жобасында еліміздің қорғаныс жүйесі үшін «өзін-өзі қорғау құрылымдары» және «ерікті» деген жаңа ұғымдар енгізіліп отыр. Өзін-өзі қорғау құрылымдары әскери жағдай мен соғыс уақытында жергілікті әскери басқару органдары арқылы құрылады.

— Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар аумақтық қорғаныстың мақсаттары мен міндеттерін нақтылау, осы салада мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін анықтау, глоссарийге «аумақтық қорғаныс нысаны» деген жаңа ұғымды енгізу, сондай-ақ мұндай нысандардың тізбесін бекіту бойынша Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың құзіреттерін белгілеу жөнінде түзетулер енгізілді. Бұған қоса, аумақтық қорғаныс іс-шараларын және аумақтық қорғаныс жоспарларын әзірлеу тәртібін айқындайтын екі жаңа бап енгізілді, — деді Максим Рожин.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс депутаттары өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 11 депутаттық сауал жолдады. Барлық сауал Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында жарияланған.

Мейір ЖАСЫН

# ӘЛЕМГЕ ТРАНЗИТТІК ҚҰШАҒЫМЫЗДЫ АШЫП ОТЫРМЫЗ

(Басы 1-бетте)

Сауда жолдарының тарихи қиылысында орналасқан Қазақстан ұзақ уақыт бойына аймақтық және жаһандық логистикада шешуші рөл атқарып келді. Біздің географиялық орналасуымыз бен көліктік тасымалдағы әлеуетіміз Қазақстанды Шығыс пен Батыс арасындағы негізгі транзиттік хабтардың біріне айналдырды. Қазіргі геэкономикалық жағдайда бұл біз үшін ғана емес, бүкіл Еуразия үшін стратегиялық мәнге ие хаб.

Сыртқы тәуекелдерге қарамастан, Қазақстан өзінің стратегиялық даму бағытын қатаң ұстанады. Президент инфрақұрылым, цифрландыру, жасанды интеллект, агроөнеркәсіптік кешен және логистика сынды негізгі басымдықтардың жүзеге асырылуына баса мән беріп отыр. Соның ішінде қолайлы географиясы мен халықаралық сауда жүйесіндегі тарихи рөліне негізделген көлік-логистика секторы елдің стратегиялық артықшылығы ретінде ерекше бағаланады. Дамыған логистика — бұл жай ғана экономикалық актив емес, елдің тұрақты өсуі мен бәсекеге қабілеттілігінің кепілі.

Жаһандық логистика қысымға ұшыраған шақта жаңа бағыттарға ден қою тығырықтан шығудың тың жолы болмақ. Өйткені Суэц пен Панама каналдары, Ормуз бұғазы сынды әлемдік негізгі сауда жолдары бүгінде көлік артериясы ғана емес, сонымен бірге державалар арасындағы ашық бәсекелестік нысанына да айналып барады. Мәселен, Суэц каналы жиі-жиі аймақтық қақтығыстардың ошағы, Аден шығанағы хуситтердің шабуылы нысаны болса, Панама каналы АҚШ пен Қытай арасындағы ықпал етудің теке-тірес құралына айналды. Ормуз бұғазы — әскери қауіптер аймағы. Мұндай ахуал геосаяси қақтығыстардан тысқары жаңаша тұрақты бағыттарға сұранысты күшейтуде.

Президент айтқандай, қалыптасып отырған ахуалды Қазақстанға берілген мүмкіндік деп қараған жөн. Еліміз — «Орта



дәліз» бағдарының ажырамас бөлшегі. Осылайша, бұған дейін мемлекет деңгейінде қарастырылып келген ұлттық жобаға әлем елдері қызығушылық танытып жатыр. Демек, оның жаһандық жобаға айналу мүмкіндігі зор.

Ел аумағының үстінен Каспий теңізін көктей өтіп Қытайды Еуропамен байланыстыратын «Орта дәліз» арқылы 2024 жылы 3,3 миллион тонна жүк тасымалданған екен. Бұл бұған дейінгі кезеңмен салыстырғанда 20%-ға артық. Тасымалдың 80%-дан астамы Қазақстан территориясымен өткенін ескерсек, бұл оның осы бағыттағы

негізгі транзиттік хаб ретіндегі рөлін күшейте түседі.

Бұл ретте Қазақстан ұлттық ауқымдағы инфрақұрылымдық жобаларды қарқынды жүзеге асырып жатыр. Мәселен, 6,6 мың шақырымдық «Жезқазған — Петропавл», «Қарағанды — Аягөз — Бұғаз», «Кандыағаш — Шалқар — Ырғыз», «Атырау — Орал», «Мамлютқа — Қостанай», «Жанаөзен — Кендірлі» жолдарына күрделі және орташа жөндеу жүргізілді.

4,2 мың шақырым жолдың жергілікті тораптары қалыпқа келтіріліп жатыр. Олар — «Ақтау — Форт-Шевченко», «Түркістан

— Шәуілдір», «Чапай — Сайхын» бағыты. Сондай-ақ Семей қаласында автомобиль-жүк көпірінің құрылысы салынып жатыр. «Қалбатау — Майқапшағай», «Күрті — Қонаев», «Қызылорда — Жезқазған» және «Ұзынағаш — Отар», «Ақтөбе — Ұлғайсын», «Қарағанды — Жезқазған», «Атырау — Доссор» және «Сарыағаш қаласы айналма жолы» бағыттарында 2,2 мың шақырымдық жол құрылысы мен реконструкциясы қолға алынды.

Енді бас-аяғы 13 мың шақырымдық автожолда жұмыс қайнап бастайды.

Арқалық қаласы арқылы өтетін Орталық-Батыс автожолының құрылысы басталды. Ол 70 мыңнан астам халқы бар

рымға қысқартуға, «Алтынкөл — Жетіген» және «Бейнеу — Маңғыстау» учаскелерін жаңғырту экспорттық әлеуетті нығайтуға мүмкіндік бермек. Ал Зайсан, Катонқарағай және Кендірліде салынып жатқан үш жана әуежайдың құрылысы өңірлердегі туризмді дамытуға зор серпін береді.

Бұл игі бастамалардың берері мол. Ол өз кезегінде көлік-логистикамен сабақтас салаларға да орасан мультипликативті әсерін тигізеді. Болжамға сәйкес, ЖІӨ өсіміне 0,4-1%-ға дейін үлес қосады. Осы қыруар жұмыстың нәтижесінде 2029 жылға қарай 31 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Ең бастысы, Қазақстанның Еуразияның транзиттік-логистикалық

**Президент айтқандай, қалыптасып отырған ахуалды Қазақстанға берілген мүмкіндік деп қараған жөн. Еліміз — «Орта дәліз» бағдарының ажырамас бөлшегі. Осылайша, бұған дейін мемлекет деңгейінде қарастырылып келген ұлттық жобаға әлем елдері қызығушылық танытып жатыр. Демек, оның жаһандық жобаға айналу мүмкіндігі зор.**

аудандармен көлік қатынасын жақсарталды және Астанадан батыс аймақтарға бағытты 600 шақырымға қысқарталды. Естеріңізде болса, бұл сүйінші хабарды Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысының өзі жариялаған болатын.

Сол сияқты теміржол саласында да 5000 шақырым жолға құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Достық — Мойынты» учаскесінің өткізу қабілетін 5 есеге арттыру, «Алматы айналма жолы» бекетінде агломерацияға түскен ауыртпалықты жеңілдету, «Дарбаза — Мақтаарал» бағытында онтүстік бағдарлармен түйісу мақсаттары көзделген.

«ТрансҚазақстан теміржол дәлізі» аясында «Қызылжар — Мойынты» жана тармағының құрылысы жолды 150 шақы-

бірегей орталығы ретіндегі мәртебесі барынша нығайды.

Түйіндей келгенде, Мемлекет басшысының географиялық артықшылықтарды тиімді пайдалану туралы тұжырымы осы мақсатты көздейді. Бұл — болашақтың жобасы әрі игілігі.

Жаңа геосаяси, геэкономикалық жағдайда Қазақстан тек инфрақұрылым ғана емес, халықаралық логистикада тұрақтылық пен орнықтылық архитектура-сын қалыптастыруда. Ал «Орта дәліз» — ұлттық басымдық қана емес, сонымен бірге ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне жаһандық жауап. Біз әлемге транзиттік құшағымызды айқара ашып отырмыз.

**Д.КӘРІБЕК,**  
«AMANAT» партиясының  
атқарушы хатшысы



## ӘР СОҒЫС АРДАГЕРІ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚТЫ



«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы өңір әкімдігімен бірлесіп «Жеңістің 80 жылдығына — 80 ізгі іс» акциясы аясында «Ардагерлерге мың алғыс» әлеуметтік керуенін бастады. Игі іс-шара Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылуда.

Керуен құрамында білікті дәрігерлер, зангерлер, әлеуметтік сала қызметкерлері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, қоғам белсенділері, жастар ресурстық орталығының қызметкерлері бар.

Іс-шараның ашылу салтанатында «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов сұрапыл жылдардағы майдангерлер ерлігі мәңгі ұмытылмайтынын жеткізді.

«Ел тағдыры, жер тағдыры сынға түскен кезде небәрі 400 мың тұрғыны бар Жамбыл облысынан майдан даласына 100 мыңнан астам адам аттанды. Бүгінде сол майдангерлердің арамызда алтауы ғана қалды. Сондай-ақ аймақта ҰОС ардагеріне теңестірілген 110 азамат бар. Олардың да майдан даласындағы ерен еңбегі ұмытылмайды. Біз ерлігі тарих бетіне

алтын әріппен жазылған ардақты ардагерлеріміздің өнегелі өмір жолын үлгі тұтамыз. Бұл жеңіске халқымыздың қажыр-қайраты, батыр бабаларымыздың ерлігі мен еңбегі арқылы қол жеткіздік», — деді Дауыл Бейсенқұлов.

Оның айтуынша, «Ардагерлерге мың алғыс» әлеуметтік керуені ардагерлердің тұрмысын жақсарту, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Өз кезегінде, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев әлеуметтік автокеруен Отанымызды жаудан қорғап қалған әкелеріміз бен аталарымыздың ерен ерлігін дәріптейтінін атап өтті. Сондай-ақ ол Жеңіс күнін жақындатуға тиіс еңбеккерлері де өлшеусіз үлес қосқанын жеткізді.

Керуен аудандарға Тараз қаласында орналасқан Бауыржан Момышұлы атындағы «Жеңіс» саябағынан салтанатты түрде жолға шықты. Аталған керуен 15-17 сәуір аралығында облыс аумағындағы 10 ауданды аралайды. Оның аясында соғысы ардагерлері, тыл еңбеккерлері және шалғайдағы елді мекен тұрғындары білікті медицина мамандарынан көмек алады, зангерлер түрлі мәселе бойынша кеңес береді. Жастар көмекке мұқтаж ардагерлерге үй шаруасын реттеуге көмектеседі.



## ЖАҢА МЕКТЕП — ЖАҢА МҮМКІНДІК

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданына қарасты Жаңа Бұқтырма кентінде мемлекеттік тілде білім беретін 200 орындық жаңа мектеп ашылды.

Аталған білім ошағы заман талабына сай жабдықталған. Мектепте интерактивті тақталар, ноутбуктер, проекторлар, лингафондық құрал-жабдықтар бар. Сонымен қатар мектеп шеберханалары оқушылардың кәсіби бағыт-бағдар алуына мүмкіндік беретін тигін машиналарымен, ағаш және металл өңдеу станоктарымен қамтылған. Бұл — ауыл баласының сапалы білім алуына жол ашатын маңызды қадам.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел аумағында білім беру деңгейі тең болуы керек екенін және әрбір баланың заманауи және жайлы жағдайда оқуы үшін бар мүмкіндік жасалуға тиіс екенін атап өтті. Ал бұл жана, заманауи мектеп — ұрпақ тәрбиелеу мен сапалы білім беру жолындағы маңызды қадам. Осы білім ошағында еліміздің болашағын қалыптастыратын саналы, білімді де білікті азаматтар түлеп ұшатынын сенімдіміз», — деді Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Сайрангүл Жұмадилова Жаңа Бұқтырма кентінде ашылған мектеп

«AMANAT» партиясының сайлаушыларға берген уәдесі ойдағыдай орындалып жатқанының жарқын дәлелі екенін атап өтті.

«Біз сайлауалды бағдарламамызда ауыл баласының сапалы білім алуына барлық жағдай жасаймыз деп уәде берген болатынбыз. Бүгін осы уәдеміздің іс жүзінде орындалып жатқанын көріп отырмыз. Балаларымыз заманауи құрал-жабдықпен қамтылған мектепте білім алуда. Бұл бағыттағы жұмысымыз алдағы уақытта да лайықты жалғасын табады», — деді ол.

Мектеп құрылысы басталған сәттен қолданысқа берілгенге дейін партиялық бақылау комиссиясы мен мәслихат депутаттарының тұрақты бақылауында болды. Құрылыс жұмысының сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы — осы жүйелі бақылаудың нәтижесі. «Бұрын балаларымыз ескі, заман талабына сай келмейтін ғимаратта білім алатын еді. Енді, міне, жана үлгідегі кең, жарық, барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген мектеп пайдалануға берілді. Балаларымыздың заманауи білім алып, жақсы ортада өсетініне қуаныштымыз», — деді кент тұрғыны Гүлшар Молдыбаева.

Бүгінде аталған мектепте 114 оқушы білім алады. Кенттегі мектепке дейінгі мекемелерде 129 бала тәрбиеленіп жатыр. Олардың 33-і биыл осы мектептің табалдырығын аттайды деп жоспарлануда.

**Елнар ЕЛТАЙ**

17 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

# ҒАСЫР ТӘУЕКЕЛІНЕН АМАН ӨТЕМІЗ ДЕСЕК...

Қазақстан жаңа Су кодексын қабылдады. Бұған дейін, Тәуелсіздіктің алғашқы 30 жылдығында екі рет Су кодексі қабылданыпты. Жаңасы несімен ерекше? Депутаттардың айтуынша, бұрынғы кодекстер негізінен декларативті сипатта болып келді, нақты тетіктен емес, «ізгі ниеттер» жиынтығынан тұрды. Жаңа құжатта су үнемдеу, сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі, суару, дренаж жүйелерінің, сумен жабдықтау магистралдарының қауіпсіздігі мәселелерін шешуге қадам жасалып отыр.



**А** Айхан ШӘРІП

Кеңес заманында экологияға еш мән берілмеді. Табиғатты қорғау сүтегі бөмбасын, ядролық, термодролық, басқа қаруларды сынауға, ауыр индустрияны дамытуға, улы шаңы бурқыраған кен орындарын игеруге, өндіріс пен шаруашылық мақсатында тұтас өзендеріңіздерді құрғатуға, кері бұруға және басқа да кесірілі істерге кедергі келтіретін.

Тарихшылар әр кезеңдегі барлық КСРО конституцияларында экология туралы бірде-бір сөз болмағанына назар аудартады. Қызығы сол, Кеңес Одағының қоршаған ортаны қорғау министрлігі 1991 жылғы 1 сәуірде («Күлкі күнінде») құрылды, ішінше, 1991 жылғы 14 қарашадағы КСРО Мемлекеттік кеңесінің қаулысымен ол министрлік жойылды.

Табиғат пен су ресурстарын қорғап, сақтау мақсатында азат Қазақстан алғашқы Су кодексын Жоғарғы Кеңестің XII сессиясында, 1993 жылғы 31 наурызда қабылдады. 2003 жылғы 9 шілдеде жаңа ғасырдың талаптарына сай қайта жазылған жаңа Су кодексі күшіне енді.

Бүгінде Президенттің тікелей тапсырмасымен жаңа Су кодексі өмірге жолдама алып отыр. Мемлекет басшысы 2025 жылғы 9 сәуірде суға қатысты тұтас заңнамалар топтамасына қол қойды. Оның арасында «Су кодексі», «Кейбір заңнамалық актілерге су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдары бар.

Жаңа Су кодексі ресми жарияланғаннан 60 күн өткенде, яғни 2025 жылғы маусым айының басында күшіне енеді. Ол 6 бөлімнен, 15 тараудан және 134 баптан тұрады. Кодекстің негізгі миссиясы су ресурстарын кешенді басқаруды дамыту қағидатына сай мемлекеттік жоспарлау жүйесін реформалау болады. Өйткені бұрын қолданылған Су кодексіне 2003 жылдан бері 82 өзгеріс енгізілді. Онда көптеген норманың тиісті тетігі болмаған соң 22 жыл ішінде сол бойы шешілмеген көрінеді.

Кодекстің бірінші блогы су үнемдеудің жаңа тетіктерін енгізуге және су нысандарын қорғауға бағытталған. Заңнамаға алғаш рет «су қауіпсіздігі» ұғымы енгізілді. Бұл азаматтар мен ел экономикасын су тапшылығынан, ал су нысандарын лас-танудан қорғайды, трансшекаралық су нысандарын қорғау, пайдалану саласында ел мүддесіне қызмет етеді.

Екінші блок саланы басқару тәсілдерін қайта қарастырады. Онда су ресурстарын қорғаудың басым бағыттарына, шешім қабылдауға жұртшылықты кеңінен тартуға мән берілген. Үшінші блок су тасқынының, судан келетін залалдың алдын алу, жою іс-шараларын қамтиды.

Төртінші блокта су қорын пайдалану, қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау қатаңдатылды. Басейндік су инспекцияларына мемлекеттік бақылау функциясынан бөлек, жедел әрекет ету үшін қадағалау өкілеттіліктері берілді. Бесінші блок гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

**КЕН ІЗДЕУШІЛЕР АРАЛДАН  
АЛАСТАЛДЫ**

Кез келген мемлекеттің Күн сөнген-Көше тұруы және өлместің күнін кешпей, өркендеп, ілгері басуы үшін халқының, шаруашылығының, өндірісінің сумен жеткілікті қамтылуы маңызды. Су ресурстарын тиімді басқару — орнықты әлеуметтік-экономикалық дамудың, су, азық-түлік пен энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі факторы.

— Су ресурстарын ұтымсыз тұтыну және пайдалану оның ысырап етілуіне, лас-тануына, сарқылуына соқтырады. Елдегі су ресурстарына түсетін жүктемені азайту, климаттың өзгеруіне байланысты экстремалды құбылыстардың қарқыны артқан жағдайда инфрақұрылымдық, қаржылық, өзге мәселелерді шешу үшін су ресурстарын басқару жүйесін жетілдірудің уақыты келді. Су кодексінің негізгі жанаушылығы осында, — деді Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық



**Жаңа кодекс Қазақстанды климаттың өзгеруіне бейімдемек. Жеке тарауда су ресурстарының тапшылығын және судың зиянды әсерлерін болдырмауға бағытталған су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың бірқатар шарасы, соның ішінде судың зиянды әсерінің алдын алу және жою, құрғақшылықтың жағымсыз зардаптарына бейімделу, жасанды құрғақшылықтың алдын алу қарастырылған.**

аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Жанболат Жөргенбаев.

Мұның сыртында су заңнамасын бұзғаны үшін жаза күшейтілді. Жеке, лауазымды және заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту үшін айыппұл мөлшері арттырылды. Атап айтқанда, суды заңсыз алу; су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде заңсыз құрылыс салу; суды пайдалану шарттары мен режимін бұзу; су ресурстарының лас-тануы және сарқылуы; су объектілерінің арналары мен шекараларының өзгеруі және тағы басқа сияқты құқықбұзушылық түрлеріне қатысты қатан шара қарастырылды.

Депутаттардың түсіндіруінше, Су кодексінің басты алты жанаушылығын атап өтуге болады. Біріншіден, стратегиялық жоспарлаудың жаңа құралдары енгізілді. Екіншіден, кәсіпорындарға гидротехникалық құрылыстарды көпфакторлы тексеруден өткізу және қауіпсіздік декларацияларын, техрегламентін өзірлеу жүктелді. Үшіншіден, сала цифрландырылды. Су ресурстарының мониторингі енгізілді, суды басқарудың бірнеше Ұлттық ақпараттық жүйесін құру жоспарланған.

Төртіншіден, жаңа кодексте суды үнемдеуге екілп түсіріледі. Суды ұтымды пайдалану, ысырапты азайту, суды үнемдеу технологияларын енгізу бойынша су пайдаланушылардың міндеттемелері бекітілді. Суды кәдеге жарату және қайталама сумен жабдықтау жүйесіне кезең-кезеңімен көшу жоспары болған жағдайда арнайы су пайдалануға рұқсат беріледі. Ауызды үнемдеу мақсатында елді мекендерді техникалық сумен жабдықтау жүйелерін құру реттеледі. Ал суды тұтынудың «ен жақсы қолжетімді технологияларын» пайдаланатын, үнемшіл кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Бесіншіден, жаңа кодекс Қазақстанды климаттың өзгеруіне бейімдемек. Жеке тарауда су ресурстарының тапшылығын және судың зиянды әсерлерін болдырмауға бағытталған су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың бірқатар шарасы, соның

ішінде судың зиянды әсерінің алдын алу және жою, құрғақшылықтың жағымсыз зардаптарына бейімделу, жасанды құрғақшылықтың алдын алу қарастырылған.

Құжаттың тағы бір жаңалығы балама-лы су көздерін жинақтау және пайдалану көзделген. Жанбыр, қар суы, яғни табиғи ортада пайда болатын барлық су елдің су әлеуетін толықтыру және сақтау көзі ретінде қарастырылады. Соның негізінде болашақта Германиядағыдай «жанбыр салығы» енгізілуі мүмкін. Бірқатар эко-белсенді шатырынан аққан жауын-шашын, қар суын жинап, пайдаланбайтын, сол арқылы қалалық коммуникацияға салмақ түсіретін, суды ысырап ететін жеке үйлерге, ғимараттарға қосымша алым енгізу бастамасын көтеріп жүр.

**ТИМДІ ТҰТЫНУҒА ТАРИФ ТҮРТКІ**

Президент өз Жолдауларында су ресурстарын ұқыпты, тиімді пайдалану тәсілдерін әзірлеу жөнінде нақты тапсырмалар беріп жүр. Мысалы, ресми ақпарат бойынша елдегі барлық судың 30%-ын — өнеркәсіп саласы, 60%-ын — ауыл шаруашылығы шығындайды. Жаңа кодекс аясында оларды суды үнем қылуға міндеттеу тетіктері күшейтілмек.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің айтуынша, жалпы Қазақстан бойынша өнеркәсіп кәсіпорындары жылына 6 миллиард текше метр су шығындайды. Оның тек 800 миллион текше метрге дейінгісі тазартып, қайта пайдаланады. Бұл небәрі 12%-ы. Министр былтырғы тамызда Су басқару жүйесін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдағандарын еске салды.

— 2030 жылға дейін суды қайталама пайдалану көрсеткішін 40%-дан асырумыз керек. Жаңа Су кодексі күшіне енгеннен бастап екі жыл ішінде барлық мекеме, өнеркәсіп кәсіпорындары, ауыл шаруашылығы, жеке кәсіпкерлер суын пайдаланатын бассейнін инспекциялармен бірге арнайы, тиісті іс-шараларды қабылдауы керек. Онда келесі 5 жыл ішінде суды үнемдеу, суды тиімді пайдалану, суды қайта пайдалану шараларын жеке қарастыруы қажет. Осы жұмыстар атқарылғанда белгіленген индикаторларға қол жеткіземіз, — деді министр.

Реформа аясында ағын суға тариф бекіту қуыры Ұлттық экономика министрлігінен алып қойылып, Су ресурстары және ирригация министрлігіне беріліп жатыр. 2025 жылдың екінші жартысынан бастап мал, егін шаруашылығымен айна-



Кеше Астанада II Орталық Азия медиа форумы басталды. Оған 30-дан астам арнайы спикер қатысып жатыр. Олардың арасында әлемдік медианың белді өкілдері, Пулитцер сыйлығының иегерлері, халықаралық және жергілікті БАҚ өкілдері, инфлюенсерлер бар. Жиынды Орталық Азия журналистеріне арналған қандай мәселелер талқыланды?

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫ БІРІКТІРГЕН ФОРУМ

**А** Көктем ҚАРҚЫН

Шкен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия халықтарының бай тарихи және мәдени мұрасын танымал ету бірлескен жұмыстың маңызды векторы екенін атап өткен еді.

Осы бастама аясында Қазақстан мен Өзбекстан бірлесіп шығарған «Қорқыт ата» тарихи телесериалын, Қырғызстанмен бірлескен «Қос қанат» телекөпірін, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған «Заковат» зияткерлік ойынын атап өтуге болады.

— Мұндай тәжірибені өңірдің ортақ тарихи тұлғаларына, мәдени

жан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ұлыбритания, Қытай, Қатар, Ресей және басқа да елдерден 700-ден астам делегат қатысып жатыр. Форум аясында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Өзбайжан Республикасының Медиа дамыту агенттігінің атқарушы директоры Ахмед Исмаиловпен кездесу өткізді.

Келіссөз барысында тараптар халықтар арасындағы ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыруда мәдениет, білім беру мен медианың маңызды рөлін атады. Әсіресе, тең дәрежелі ақпарат тарату мәселесіне ерекше назар аударылды. Қазір Мәдениет және ақпарат министрлігі Өзбайжанның «СВС TV» телеарнасын еліміздің аумағында тіркеу мүмкіндігін қарастырып жатыр.

Одан бөлек Аида Балаева CNN-нің Орталық Азия және Африка бойынша өкілі Сәид Иман



мұрасына, туристік мүмкіндіктері мен заманауи жетістіктеріне арналған жаңа бірлескен медиажобалар жасау арқылы кеңейте түскен жөн деп санаймын. Біздің арналар қазірдің өзінде Қырғызстанда, Өзбекстанда, Өзбайжанда және Тәжікстанда хабар таратады. Олармен арналардың паритеттік қатысу тізімін кеңейту бойынша жұмыс істеп жатырмыз, — деді Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева форумның ашылу салтанатында.

Өңірде мәдени-гуманитарлық байланыстар да жоспарлы түрде нығайтып келеді. Жыл сайын Қазақстанда Қырғызстанның, Өзбекстанның, Тәжікстанның және Түрікменстанның мәдени күндері зор табыспен өткізіліп жүр. Дәл осылай Қазақстанның да мәдени күндері аталған елдерде өткізіліп келеді. Соның аясында бірлескен концерттер, кино күндері, жастар форумдары сияқты бірқатар ауқымды іс-шара өтеді.

— Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Орталық Азия елдері үшін ортақ мәдени-тарихи мұраны бейнелейтін біріктіруші оқиғаға айналды. Былтыр қыркүйек айында Астанадағы 5-ші көшпенділер ойындарына әлемнің 89 елінен 2 800 қатысушы және 700-ден астам журналист келді. Дүниежүзілік ойындардың ашылу рәсімі мен басқа да спорттық жарыстар Түркия, Ресей, Өзбайжан, Монғолия, Өзбекстан, Түрікменстан және Қырғызстан елдері жоғары сапада таратты. Бұл шара спорттық жарыс аясынан асып, бүкіл өңірден жүздеген мың көрермен мен туристің басын қосқан көшпелі мәдениеттің тамаша мерекесіне ұласты, — деді министр.

Айта кетейік, жиынға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Өзбай-



**Қазір Мәдениет және ақпарат министрлігі Өзбайжанның «СВС TV» телеарнасын еліміздің аумағында тіркеу мүмкіндігін қарастырып жатыр.**

Ахмадпен кездесті. Тараптар тележурналистика мен медиа саласын дамытуға бағытталған екіжақты ынтымақтастықты кеңейту жоспарлары мен перспективаларын талқылады.

Сондай-ақ ақпараттық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және медиа саласындағы өзара байланысты дамыту мақсатында бірқатар жоба талқыланып, жоспарланды. Олардың қатарында — Орталық Азия журналистика академиясын құру, креативті индустрияны дамыту, өңірлік журналистика сыйлығын тағайындау, жаңа тележобаларды іске асыру және өңір елдерінің контентін халықаралық медиаплатформаларда кеңінен таныту мәселелері бар.

Форумның түстен кейінгі бөлімінде болашақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыру, жасанды интеллект пен көп деректер дәуіріндегі медиа саласының цифрлық трансформациясы, елдің имиджін қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің рөлі және басқа да мәселелер қарастырылды. Форум 17 сәуір күні де жалғасады. Екінші күні республикалық және Орталық Азия медиа өкілдері студенттерге шеберлік сабақтарын өткізеді. Спикерлер қатарында — Ұлыбритания, АҚШ және Ресейден келген танымал сарапшылар бар.

# АЛАҢ

17 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Қарапайым еңбекке құрмет артса, қоғам да алға басады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялау арқылы еңбек адамының мәртебесін көтеруді, жастарды техникалық және жұмысшы кәсіптерге ынталандыруды, сондай-ақ кәсіби білім беру жүйесін реформалау арқылы экономикаға қажетті білікті мамандар даярлауды мақсат етті. Осы мақсатта биыл «Наурыз» тұрғын үй бағдарламасының бір бөлігі ретінде жұмысшы кәсіп өкілдеріне арналған «Наурыз жұмыскер» жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Мемлекет тарапынан қолға алынған бұл бастама жұмысшы мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсартып, беделін арттыруға қалай ықпал етті? Ол халықтың әл-ауқатын көтеруге нақты мүмкіндік бере ала ма? «Алаң» айдарында осы мәселелер төңірегінде пікір алмасу үшін бірқатар сарапшыларға сауал жолдадық.

# БАСПАНА ЖАЙЫ БАЙЫПТЫ МА?

— «НАУРЫЗ ЖҰМЫСКЕР» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?



**Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,**  
«AMANAT» фракциясының мүшесі,  
Мәжіліс депутаты:

— Биыл Президент бастамасымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» жарияланды, соның аясында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірі — Отбасы банкі «Наурыз жұмыскер» бағдарламасын іске қосты. Бағдарламаның басты мақсаты — еліміздегі жұмыскерлерге тұрғын үй алу мүмкіндігін беру және экономикалық белсенділікті арттыру. Соңғы жылдары әлеуметтік осал топтарына — көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі жандар, толық емес отбасылар, жетім балаларға мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, жұмысшы мамандардың әлеуметтік ахуалы назардан тыс қалған еді. Биыл «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы аясында мемлекет тарапынан 72 миллиард тенге бөлінді, бүгінгі күні оның 91 пайызы игеріліп үлгерген. Бұл қаражат елдің барлық

аймақтарындағы азаматтарға тұрғын үй несиесін жеңілдетілген шарттармен беру үшін жұмсалып жатыр. Әлеуметтік осал топтар үшін жылдық 7 пайыз, қалған азаматтар үшін 9 пайыздық мөлшерлеменен несиелер берілді.



**Рамазан САТТАРҰЛЫ,**  
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор:

— Құрылыс секторы — экономиканың аса маңызды саласының бірі. Ол тек өзі ғана емес, сонымен қатар экономиканың басқа да салаларының дамуына серпін беретін реалды секторға жатады. Осы тұрғыдан алғанда, құрылыс саласын дамыту, оның ішінде тұрғын үй құрылысына мемлекет тарапынан қолдау көрсету, қаржы бөлу — әрдайым өзектілігін жоймайтын маңызды мәселе. Қазіргі таңда елімізде салынып жатқан тұрғын үйлердің көлемі жыл сайын артып келеді. Алайда бұл баспаналардың қай әлеуметтік топқа бағытталғанын ескергеніміз жөн. Бүгінде тұрғын үй бағасы өте қымбат. Неліктен? Себебі салынатын үйлердің басым бөлігі

«комфорт плюс», «бизнес», «престиж» сияқты жоғары кластарға жатады. Мұндай үйлерді қарапайым жұмысшы немесе қызметкердің сатып алуы оңай емес. Сондықтан тұрғын үй құрылысында шынайы қажеттілікке, яғни халықтың басым бөлігін құрайтын қарапайым азаматтарға арналған қолжетімді баспаналарға басымдық беру орнындары әрі уақыт талабы деп есептеймін.



**Бауыржан ЫСҚАҚОВ,**  
экономист:

— «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы — қарапайым еңбек адамын қадірлеудің, олардың қоғамдағы орнын айшықтап, өмір сүру сапасын арттырудың жарқын көрінісі. Әсіресе, күннің апабын да, түннің қараңғылығын да елемей, құрылыс басында, өндіріс орындарында, жол бойында маңдай терін төгіп жүрген жандар үшін бұл — үлкен қолдау, зор қамқорлық.

Биылғы жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп аталуы — мемлекеттің еңбек адамын құрметтеп, оларға нақты жеңілдіктер мен мүмкіндіктер ұсынуға бет бұрғанының белгісі. Сол себепті де «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы дәл осы кезеңде жүзеге асырылып отыр. Бағдарлама аясында Отбасы банкі арқылы 72 миллиард тенге бөлініп, 2 440 азаматқа жеңілдетілген шарттармен баспана алуға мүмкіндік берілмек. Бұл тек цифр емес, әр үйдің артында тұтас тағдыр, үміт пен қуаныш тұрғанын ұмытпауымыз керек.

Бағдарламаның әлеуметтік әсеріне келсек, оның алғашқы жемісі — жұмысшылық денгейінің төмендеуі болмақ. Уақытша немесе маусымдық болса да, ашылған әрбір жұмыс орны — бір отбасының үміті, бір азаматтың тіршілігіне серпін. Бұл — әсіресе, екі қолына бір күрек таппай жүрген жандар үшін үлкен мүмкіндік. Сондықтан әлеуметтік осал топтарға жататын жұмысшы мамандарға да қолдау көрсетілетіні көңілге медеу дер едім. Өйткені олар үшін бұл тек табыс көзі ғана емес, қоғамда қажет екенін сезінудің, өз орнын табудың жолы. Сондай-ақ бастама қаламен қатар, ауыл-аймақтың дамуына

да оң ықпал етеді деген сенім мол. Себебі тіршілік қызған жерде қозғалыс, ал қозғалыс бар жерде өсім, өркендеу бар.

Ал бағдарламаның экономикалық әсеріне тоқталсақ, бұл бастама азаматтардың төлем қабілетін арттырып, ел ішіндегі экономикалық тынысты жаңғыртуға серпін береді. Қолына табыс түскен әрбір жан — ішкі нарықтың белсенді қатысушысы. Демек, халықтың қалтасы қалыңдаса, сауда-саттық жанданып, отандық өнімге деген сұраныс та арта түседі. Бағдарлама арқылы бөлінген қаржы желге ұшпай, дәл көзделген нысанға, қарапайым халықтың мұқтажына бағытталады. Бұл — мемлекеттік шығындардың тиімді жұмсалыуына жол ашып, ел қазынасынан бөлінген қаражаттың әр тиыны өз орнын табады деген сөз. Нәтижесінде, бағдарлама экономиканың құрғатамырына қан жүгіртіп қана қоймай, халықтың әлеуметтік жағдайын да жақсартуға жол ашады деп сенемін.

— БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЕНБЕК НАРЫҒЫНА ЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ НЕ АЙТАСЫЗ?

**Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,**  
«AMANAT» фракциясының мүшесі,  
Мәжіліс депутаты:

— Жұмыскерлердің жайын елеп-ескеріп, арнайы жыл аясында олардың әл-ауқатын жақсартуға мемлекет тарапынан көңіл бөлу — аса маңызды бастама. Өйткені бүгінде жұмысшы мамандықтар тапшы, тау-кен, құрылыс және тағы басқа салаларда қызметтік көліктерді басқаратын, арнайы механизмдерді игеретін мамандарды таба алмайсың. Өйткені жастардың басым бөлігі экономист, заңгердің оқуына қызығады. Коллежде білім алып, өндіріске араласып кететін жастар кемде-кем. Ауылға барсаң қойшы, малшы таба алмайсың. Халық арасында жұмысшы мамандықтарды қор санайтын ұғым қалыптасқан. БАҚ беттерінде, түрлі медиада да жұмыскерлерді әспеттеуді қойдық. Осы себептен де «Жұмысшы мамандықтар жылының», «Наурыз жұмыскер» бағдарламасының мәні де, жастарға ықпалы да зор. Ел тұрғындарының ең басты проблемасы — баспана және жұмыс қарама-қарсы екенін білгеніміз жөн. Бір-екі жылда аяқталып қалатын, не болмаса төрт-бес жылда тоқтап қалатын уақытша баспана емес, жылдар бойы жетілдіріліп, тұрақты түрде жаңасатын жүйелі бағдарламаға айналуы қажет.

**Рамазан САТТАРҰЛЫ,**  
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор:

— Егер тұрғын үй бағдарламасы шынымен де қарапайым қызметкер мен жұмысшыға қолжетімді болса, онда бірден екі түйткілді мәселені шешеміз: құрылыс саласының дамуына серпін беріп, баспана тапшылығының түйінін тарқатамыз. Бүгінде жас азаматтардың, әсіресе 25–30 жас аралығындағы жұмысшы жандардың алғашқы баспанаға қол жеткізуі — үлкен проблема. Егер оларға төмен пайыздық мөлшерлеменен несиесі ұсынылса, бұл — шынайы әлеуметтік қолдаудың көрінісі болар еді.

Мұндай бастама тек баспанамен қамтамасыз етумен шектелмейді. Ол қоғамда көп жағдайда елеусіз қалатын еңбек адамдарының — жұмысшылар мен қызметкерлердің қоғамдағы мәртебесін арттыратын маңызды құралға айналар еді. Себебі әрбір азаматтың еңбегі бағалануға тиіс. Бұл — әділетті қоғам құру жолындағы нақты әрі маңызды қадам.

Сонымен қатар тұрғын үйге қолжетімділік жастардың елге, жерге деген сенімін арттырып, тұрақты болашаққа деген үмітін нығайтады. Олар сырт елге кетуді емес, туған жерінде тамыр жайып, отбасын құруды, еңбек етуді қалайды. Демек, бұл бағдарлама тек экономикалық емес, демографиялық, әлеуметтік тұрақтылықтың да кепіліне айналмақ.

**Бауыржан ЫСҚАҚОВ,**  
экономист:

— «Наурыз жұмыскер» сияқты бастамалардың ықпалы еңбек нарығында жаңа бетбұрыстарға жол ашатыны анық. Бұл тек бағдарламаның аясында уақытша жұмыс орындарының құрылуымен шектелмейді. Ол — сан түрлі себеппен жұмыссыз қалған жандарға, енді ғана үлкен өмірге аяқ басқан жастарға үміт ұсынатын, бағыт сілтейтін маңызды қадам. Еңбек өтілі жоқ, қолына дипломын енді алған жас буын үшін бұл — кәсіби жолдың бастауына айналуы мүмкін.

Бағдарлама әсіресе шалғай аймақтардағы әлеуметтік теңсіздікті азайтуға да әсер етеді. Үлкен қала мен ауыл арасындағы айырмашылық тек географиямен емес, мүмкіндіктермен де өлшенеді. Ал мұндай жоба ауылдағы азаматтарға да тең мүмкіндік ұсына отырып, өмірлер арасындағы алшақтықты біртіндеп жоя бастайды.

Ең бастысы, жастарға бағдар. Көптеген жас маман болашақта баспаналы болуға жол ашатын нақты мамандықтарды таңдауға бет бұрып, өз өміріне жауапкершілікпен қарай бастайды. Бұл — тек еңбекке тарту емес, ел ертеңін қалыптастыратын сана мен ұстаным қалыптастыру.

— ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДА БАҒДАРЛАМАДАН ТАҒЫ ҚАНДАЙ НӘТИЖЕ КҮТЕМІЗ?

**Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,**  
«AMANAT» фракциясының мүшесі,  
Мәжіліс депутаты:

— Тұрғын үй бағдарламасына бөлінген 72 млрд тенге аз, әлі де қаражат бөлінуге тиіс. «Наурыз жұмыскер» жаңа сайын мыңдаған жұмыскердің тиімді шарттармен баспаналы болуын қамтып отырса, мұны көрген жастар кем дегенде жұмысшы мамандықтарға қызығып, зерттей бастайды. Ұзақмерзімді перспективада бұл бағдарлама тек тұрғын үймен қамтамасыз ету құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамда еңбекке деген көзқарасты өзгертуге жол ашады. «Наурыз жұмыскер» арқылы баспаналы болған азаматтардың өмір сапасы артып, әлеуметтік тұрақтылық күшейеді. Жастар арасында жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылық оянып, олардың мәртебесі артады. Бұл өз кезегінде кәсіптік білім беру жүйесін дамытып, білікті кадрлар санын арттыруға сеп болады. Ал мемлекеттің жұмысшы күшіне деген тәуелділігі ішкі ресурстар арқылы қамтамасыз етіліп, экономикалық тәуелсіздікке бір қадам жақындаймыз. Болашақта бұл бағдарлама еңбек адамының мәртебесін арттырып, еліміздің әлеуметтік әділеттілік қағидаларын нығайта түсері сөзсіз.

**Рамазан САТТАРҰЛЫ,**  
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор:

— Дегенмен мұндай ауқымды әрі әлеуметке бағытталған бағдарлама қысқа мерзімге ғана емес, ұзақ уақытқа бағытталуы қажет. Яғни, ұзақмерзімді даму стратегиясына негізделген өміршең жобаға айналуы керек. Бір-екі жылда аяқталып қалатын, не болмаса төрт-бес жылда тоқтап қалатын уақытша баспана емес, жылдар бойы жетілдіріліп, тұрақты түрде жаңасатын жүйелі бағдарламаға айналуы қажет. Мұндай маңызды іс шын мәнінде жемісін беруі үшін оған бәйбішеден, жеңілдету тетіктері енгізіліп, халықтың сұранысына сай онтайлы шешімдер қабылданауы керек. Жүйенің әлсіз тұстары уақыт оздырмай анықталып, жауапты мекемелер тарапынан дер кезінде шешім қабылданып отырса, бұл бастама өз мақсатына жетеді. Бұл — жай ғана әлеуметтік жоба емес, қарапайым жұмысшылардың ертеңіне деген сенімнің нышаны.

Нәтижесінде, біз ең алдымен, маңдай терін төгіп, адал еңбегімен күн кешіп жүрген қарапайым жұмысшының тұлғасын дәріптейміз. Оның қоғамдағы орнына жана көзқараспен қарап, әлеуметтік беделін арттырамыз. Бұл — еліміз ұстануға тиіс ең басты қағидалар: адал еңбек, адал табыс, адал өмір сүру ұғымдарының нақты өмірде көрініс табуы. Осылайша, біз әділетті қоғамның берік іргетасын қалаймыз.

**Бауыржан ЫСҚАҚОВ,**  
экономист:

— Ұзақмерзімді перспективада «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы елдегі еңбек мәдениетіне тиім серпін беріп, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыра түседі. Қазіргі таңда қоғамда кейбір техникалық немесе кол еңбегіне негізделген кәсіптерге деген көзқарас әлі де болса үстірт қалыптасқан. Ал бұл бастама сол теріс түсініктерді бұзып, қарапайым еңбек иелерінің маңызын қайта бағалауға жол ашады.

Бағдарлама негізінде өмірлерде жаңа жұмыс орындары ашылып, жергілікті халықты тұрақты табыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі артады. Бұл — тек жұмыс емес, өмір сүру сапасының артуы, азаматтардың ертеңге деген сенімі. Сонымен қатар инфрақұрылым дамып, жол, мектеп, балабақша сияқты әлеуметтік нысандар көбейеді. Мұның өзі ауыл мен қала арасындағы даму алшақтығын біртіндеп азайтады.

Бағдарлама еңбек нарығындағы тепе-теңдікті қалыптастырып, жұмыссыздық денгейін төмендетуге де ықпал етеді. Әсіресе, жастар үшін бұл — нақты бағыт, нақты мүмкіндік. Олар мамандық таңдауда тек беделге емес, болашақта тұрақтылық сыйлайтын кәсіпке ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл бастама елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына берік негіз қалайды.

## P.S.

Кеше «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы аясында өтінім қабылдау аяқталды. Жоба аясында биылға бөлінген 72 млрд. тенге толықтай игерілді. Несие өтімі қабылданған қатысушылар алдағы 6 ай ішінде өздеріне жайлы баспана іздейді.

Дайындағандар:  
Айдана НҰРМУХАН, Кәмила ДҮЙСЕН



## МӘСЕЛЕ

17 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

МАМАНДЫҚ КӨП,  
МАМАН ЖОҚ

Мамандық таңдау – әр азаматтың өміріндегі маңызды қадам. «Мамандық таңдаудан қателеспе» дейтін үлкендердің сөзі жадымызда жатталып қалған. Бұрын оның саны шектеулі болса, қазір кейбірінің қатары артты. Алайда жыл сайын кейбір мамандықтар сұраныстан қалып барады. Керісінше, кейбіріне маман жетіспейді. Сонымен, қоғам қандай қызметке тәуелді? Әлеуметтік көзқарас мамандық таңдауға қаншалықты әсер етіп жатыр? Жұмыссыз қалғандар тығырықтан шығар жол таба ала ма? Бұған өзгелердің пікірі қандай? Сарапшыларға сауал тастадық.



**Данияр ҚАСҚАРАУОВ,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты:

#### ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

– Жұмыссыздықтың көбеюі – бұл халық жалқау деген сөз емес. Бұл, ең алдымен, білім беру мен еңбек нарығының арасында байланыс жоктығының көрінісі. Жастар оқуын оқиды, дипломын алады, бірақ сол алған мамандығымен жұмыс таба алмай қиналады. Өйткені нарық басқа мамандарды сұрап тұр, ал біз әлі де он жыл бұрын сұраныста болған мамандықтарды оқытып жүрміз.

Оған қоса, қала мен ауыл арасындағы мүмкіндіктер тең емес. Қалада бір мамандыққа сұраныс бар делік, ал ауылда мүлде басқа жағдай. Ауыл жастары үшін таңдау аз. Оның үстіне, цифрлық сауаттылықтың жетіспеуі, технологияға ілесіп алмау деген де үлкен кедергі.

Бұл мәселені шешу үшін әр өңірдің нақты жағдайына қарап, жұмыс орындарын көбейту қажет. Құр уәдемен емес, нақты қадаммен. Мысалы, жастарға арналған қысқамерзімді, бірақ тиімді курстар ашу керек. Екі-үш айда нақты бір кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, жұмысқа тұруға мүмкіндік беретін бағдарламалар қажет.

Сосын «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар практикасы» сияқты бағдарламалар бар, бірақ көбіне бұл жобалар қағаз жүзінде қалып кетеді. Соларды шын мәнінде жұмыс істейтіндей етіп, кеңейтіп, әр жасқа қолжетімді ету керек. Сонда ғана біз жұмыссыз жүрген жастарды қоғамға қажет, нағыз кәсіби маман ретінде қалыптастыра аламыз. Жастар бос жүрмейді, елге де пайдасы тиеді, өзіне де.

**Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ,**  
QAZBILIM GROUP компаниясының басқарма төрағасы:

#### ЖАСТАР ГРАНТТЫҢ СОҢЫНАН ЕМЕС, КАБІЛЕТТІҢ СОҢЫНАН ЖҮРҮІ КЕРЕК

– Сұранысы жоқ мамандықтарға жастардың жаппай түсіп кетуінің бір үлкен себебі – гранттың тым көп бөлінуі. Гранты көп мамандыққа жастарымыз жаппай ағылып жатыр. Ал ол мамандықтың ертені қандай боларын, жұмыс табыла



ма, табылмай ма деген ойлар жоқтың қасы. Бұдан бөлек, елімізде кейбір мамандықтар тасада қалып қойған. Қоғамда «дәрігер бол», «мұғалім бол», «заңгер бол» деген санаулы ғана кәсіби бағыт насихатталды. Олардың шаңында аграрлық сала, технология, өндіріс, ғылым салаларында қаншама маман тапшы әрі болашағы зор мамандықтар бар. Бірақ насихаты жоқ. Бұл – үлкен кемшілік.

Тағы бір ескеретін нәрсе – қазіргі жастардың көбі «тез байысам болды» деген көзқараспен жүреді. Қай мамандықпен тез ақша табам, соған барам дейді. Бірақ ондай жолмен келген таңдау – ертең оңбай қателікке алып келетіні мәлім.

Болашақ маман мектеп табалдырығынан бастау алады. Сол үшін мектеп оқушылары алдымен мамандық емес, өзінің икемі әрі қызығып оқитын пәнін таңдағаны дұрыс дер едім. 9-сыныптан кейін-ақ әр баланың бейімін анықтап, бағыт беретін жүйе керек. Ата-аналарға да ақпарат ашық әрі толық жетуді керек. Кейде олар да баласына нақты бағыт көрсете алмай, қоғам не айтса, соған еріп кетеді. Сондықтан кәсіби бағдарлау жұмысын жүйелі, кең ауқымда жүргізу қажет – сонда ғана жастарымыз өз орнын табады, бос жүрген жұмыссыздар азаяды.



**Айдар ХАМИТ,**  
әлеуметтанушы:

#### «ПРЕСТИЖ» МАМАНДЫҒЫН ТАҢДАУ СИНДРОМЫ

– Иә, жастардың мамандық таңдауына әлеуметтік факторлардың әсері өте үлкен. Өмірлік жолдың басына енді ғана қадам басқан жас үшін бұл оңай шешім емес. Көп жағдайда олар өз жүрегінің үнін емес, айналасындағы ақылшылардың соңында қалып қояды. Одан бөлек, отбасының қысымы, қоғамның талабы, мектептің бағыттауы секілді себептер көп әсер етеді.

Мысалы, ата-ананың ықпалымен немесе қоғамдағы «престиж» мамандықтарға қарап, дәрігер, заңгер, инженер сияқты салаларды таңдап кетеді. Бірақ бұл олардың өз қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес келмей қалуы мүмкін.

Сондай-ақ қоғамда «престиж» мамандықтарға деген бір қалыптасқан көзқарас бар. Жастар сол белгеле ұмтылады. Бұл жерде достарының, туыстарының пікірі де әсер етеді. Оның үстіне, мамандықтар туралы нақты әрі шынайы ақпараттың жетіспеуі тағы бар. Кейбір жастар өз таңдаған саласының болашағы жоқ екенін тек оқуды аяқтағанда ғана түсінеді.

Сол себепті дұрыс шешім қабылдау үшін жастарға өз қабілетін танып-біліп, кәсіби кеңесшілермен жұмыс істеп, түрлі таламен алдын ала танысқан пайдалы. Әйтпесе, мамандық таңдаудағы қателік кейін жұмыстағы күйзеліске, тіпті кәсіби тоқырауға алып келуі мүмкін.

Дайындаған Әсет ҚАЛИ

## ҚАУІПСІЗ ӨТКЕЛДЕГІ ҚАСІРЕТ

Қоғамды жеті жасар қыздың өлімі селк еткізді. Анасының көз алдында ажал құшқан бала мен жол ортасында жан ұшыра айқайлаған ананың көз жасы көптің көңіліне қаяу салса, екіншіден, еліміздегі жол ережесіне қатысты түйіні тарқамаған мәселенің бетін ашып көрсеткендей. Өкініштісі, бұл балалардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының алғашқысы емес.

#### Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,

Алматы қаласы

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, бытыр Қазақстанда 30 мыңнан аса жолкөлік оқиғасы тіркелген. Оның ішінде апат салдарынан 43 мың адам зардап шексе, 2 600-ге жуық адам қайтыс болған. Ресми дерекке сүйенсек, еліміз бойынша жол апатының басым бөлігі Алматы қаласында тіркелген. Әсіресе, қазір мегаполисте балаларға қатысты жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші азаймай тұр. Дәлірек айтсақ, бытыр балаларға қатысты жалпы саны 1 500-ден аса жағдай тіркелсе, нәтижесінде 1 600 жасөспірім зардап шегіп, 4 бала қайтыс болған.

#### 289 ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ БОЛҒАН

Біз Алматы қаласындағы 7 жасар қыздың өліміне қатысты шаһардың Полиция департаментіне арнайы сауалдарымызды жолдап, қазіргі жағдай бойынша ақпарат алуға тырыстық. Алматы қалалық Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбектің дерегіне, жыл басынан бері мегаполисте балалардың қатысумен 289 жол-көлік оқиғасы болған. Апат салдарынан 300-ден астамы дене жаракатын алса, 2 бала өмірден озды.

– Аталмыш дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 345-бабының 3-тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалып, қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Жүк көлігінің жүргізушісі қамауға алынды. Ал автобус жүргізушісіне қатысты хаттама тоқтырылып, жаяу жүргіншіні жолдан өткізбегені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Тергеу амалдары жалғасып жатыр. Бір емес, бірнеше сараптамалық зерттеу жүргізіледі. Бұл – бірнеше айға созылуы мүмкін процесс. Жеті жастағы баланың өлімі – үлкен бір әулеттің ғана емес, қоғамның қасіреті, – деді Салтанат Әзірбек.

Ал қоғамда үлкен резонанс тудырған қайғылы оқиға билік органдары мен ата-аналар үшін сабақ болма ма? Жазаны күшейту бала қауіпсіздігін арттыруға көмектесе ме, әлде бұл мәселенің бір қыры ғана ма? Осы және өзге де сауалдарымызға жауап берген Бала құқықтары жөніндегі экс-уәкіл, қоғам қайраткері және «Милосердие» Ерікті қоғамы» қоғамдық қорының басшысы Аружан Саин жүргізушілер үшін жазаны күшейту маңызды екенін, алайда бұл мәселенің жалғыз шешімі емес екенін атап өтті.

– Алматы қаласындағы жеті жасар қыздың өлімі – бәрімізді есенгіреткен қайғылы әрі орны толмас оқиға. Қыздың

ата-анасына, отбасына қайғырып көңіл айтпаймыз. Өкінішке қарай, елімізде болған жол-көлік оқиғаларында көбіне балалар зардап шегеді немесе қаза табады. Негізінен, бұл жағдайдың алдын алуға болар еді. Бейнежазбада көргеніміздей, жолда жаяу жүргінші өткелі байқалмайды, тоқтау сызығы да көрінбейді. Бұл – ерекше мән беретін жайт, себебі оқиға қаладағы адам көп жүретін көшелердің бірінде, көлік қозғалысы тығыз жерде болған. Әрине, бұл жүргізушіні ақтамайды, бірақ оқиғаға қала инфрақұрылымын ұйымдастырудағы олқылықтар да себеп болды, – деді ол.

Аружан Саин мектеп маңында жылдамдықты асырған көлік жүргізушілерін автоматты түрде тіркеп, айыппұл салатын ақылды бейнебақылау жүйелерін орнату қажет екенін негізге алды. «Жүргізуші бала артында мемлекет тұрғанын сезінуге тиіс. Бұл – бір апталық науқан емес, тұрақты бақылауға айналуы қажет», – деді ол.

– Трагедия қоғамға «сабақ болады» деп үміттенуді доғаруымыз тиіс. Әлдеқашан сабақ алынды, бірақ кейде бұл іс жүзінде қолданылмайды. Міндетті, жүйелі және жоспарлы шаралар қажет. Біріншіден,

**Трагедия қоғамға «сабақ болады» деп үміттенуді доғаруымыз тиіс. Әлдеқашан сабақ алынды, бірақ кейде бұл іс жүзінде қолданылмайды. Міндетті, жүйелі және жоспарлы шаралар қажет. Біріншіден, мектептегі балаларға балабақша мен бастауыш сыныптан бастап жол қозғалысы ережелерін тұрақты түрде жыл сайын және міндетті түрде оқыту.**

мектептегі балаларға балабақша мен бастауыш сыныптан бастап жол қозғалысы ережелерін тұрақты түрде жыл сайын және міндетті түрде оқыту. Балаларға жолдағы қауіпсіздік ережелерін үнемі ескертіп отыру қажет. Бұл ретте тек теория емес, практикалық сабақтар да қамтылуға тиіс. Балалар бағдарламаларының түсініп, қауіпті жағдайларды алдын ала болжай білуі әрқыз маңызды, – деді Бала құқықтары жөніндегі экс-уәкіл.

#### БІЗГЕ РЕАКТИВТІ ТӘСІЛДІҢ ОРНЫНА ЖҮЙЕЛІ ӘДІС ҚАЖЕТ

Кезекті назарға алуға тиіс басты мәселелердің бірі – инфрақұрылым. Бұл дегеніміз, мектеп, балабақша, тұрғын үй маңындағы барлық жол толыққанды жол белгілерімен жабдықталуы қажет. Соның



ішінде жаяу жүргінші белгісі ғана емес, анық көрінетін жаяу жүргіншілер өткелі (зебра), тоқтау сызығы, жарық диодты жарықтандыру, жасанды жол кедергілері орнатылғаны жөн. Аружан Саин алып шаһар Алматыда, сондай-ақ еліміздің өзге де қалаларында тіпті қарапайым белгілердің болмауы жиі ұшырасатын көрініс екенін түйреп өтті.

– Егер алдын алу шаралары болмаса, мәдениет өзгермесе – біз тек түрме мерзімдерін көбейтеміз, ал трагедиялар азаймайды. Бізге реактивті тәсілдің орнына жүйелі тәсіл қажет. Онымен қоса, ата-аналардың құқықтық жауапкершілігін қамтитын сауаттылық курстарын енгізу, мектеп, балабақша қызметкерлерін арнайы сабақтар өткізуге дайындау, жол қауіпсіздігі мен басқа да қауіпсіздік ережелерін үйрету сынды шараларды қолға алуымыз тиіс. Тағы бір маңызды шара – тұрақты түрде жүзеге асырылатын Мемлекеттік ақпараттық науқан жоспарын әзірлеп, бекітіп, ең бастысы, іс жүзінде жүзеге асыру. Бұл жол қозғалысы ғана емес, балалардың терезеден құлауы, тоқ ұруы, суға кетуі, улы сұйықтықтарды ішіп қоюы сияқты барлық қауіп-қатердің алдын алуға бағытталуы қажет. Егер ересектер балаларымен көбірек сөйлесе, күнделікті қауіпсіздігін қамтамасыз ете білсе, балалар

әлдеқайда қауіпсіз болар еді. Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ерекше шара емес, күнделікті нормаға айналған кезде ғана біз осындай қайғылы жағдайлардың санын азайта аламыз, – деп сөзін түйіндеді А. Саин. Адвокат Альбина Бахтиярқызының сөзінше, қазіргі қолданыстағы заңнама бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, жүк және қоғамдық көлік жүргізушілері жол қозғалысы ережелерін бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл жауапкершілік бұзушылықтың сипатына қарай айыппұл салу, жүргізуші куәлігінен айыру немесе көлік құралын пайдалану құқығынан уақытша шектеу түрінде болуы мүмкін.

– Мысалы, жолаушыларды тасымалдау кезінде қауіпсіздік белгісін тақпау немесе жолаушыларды рұқсат етілмеген орында түсіру сияқты бұзушылықтар үшін айыппұл салынады. Ал ауыр салмақты жүк көліктерінің рұқсат етілген салмақтан асып кетуі жол жабынына зиян келтіруі мүмкін, сондықтан мұндай бұзушылықтар үшін де әкімшілік шаралар қарастырылған, – деді адвокат.

Ал кәмететке толмаған баланың өлімімен әкеп соққан жол-көлік оқиғаларында қылмыстық жаза қатай ма? Мұндай жағдайда айыпталушыға қандай жаза түрі қарастырылған? Маманнан сұрап көрдік.

– ҚР Қылмыстық кодексінің 345-бабына сәйкес, кәмететке толмаған баланың өліміне әкеп соққан жол-көлік оқиғалары үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Мұндай жағдайларда жүргізушіні бас бостандығынан айыра отырып, көлік құралын басқару құқығынан айыру немесе басқа да қылмыстық жазалар қолданылады. Егер жүргізуші мас күйінде болса немесе жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзған жағдайда жаза ауырлай түседі. Сонымен қатар кейінгі жылдары заңнамада жол-көлік оқиғаларына қатысты

жазаларды қатандату бағытында өзгерістер енгізіліп келеді, – деді ол.

Сөз соңында адвокат Альбина Бахтиярқызы Қазақстанда халықаралық стандарттарға сай жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірнеше заңнамалық реформа қажет екенін атап өтті. Адвокаттың сөзінше, ең алдымен жол инфрақұрылымын жетілдіру мәселесі күн тәртібінде алдыңғы орынға шығуы тиіс. Соның ішінде жолдардың сапасын арттыру, жарықтандыру жүйелерін жаңарту және жол белгілерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажет екенін айтады. Екіншіден, жүргізушілерді даярлау жүйесін жетілдіру. «Оқыту бағдарламаларын халықаралық тәжірибеге негіздеу арқылы теориялық және практикалық емтихандардың сапасын арттыру қажет», – дейді адвокат.

– Бұл мәселеге келгенде бейнебақылау жүйелерін кеңейту және автоматтандырылған бақылау құралдарын енгізу, жүргізушілердің кәсіби біліктілігін дамыту және жолаушылардың құқықтарын қорғау маңызды. Аталған реформалар жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға, жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға ықпал етеді. Одан бөлек, бұл мемлекет тарапынан ғана емес, жолда жүру мәдениетін қалыптастыру арқылы қоғаммен бірлесіп жүзеге асыратын әрекет, – деді А. Бахтиярқызы.

Алматы көшелерінің бірінде болған трагедия – балаларға қатысты жол-көлік оқиғаларының бір дерегі ретінде тіркеліп қоймай, қоғамды салдармен емес, себеппен күресуге шақыратын үндеу болуға тиіс. Аталған жағдай тиісті орган өкілдеріне жол қозғалысын қатан бақылауда ұстап, іс жүзінде жүргізушілердің жауапкершілігін арттыру мәселесін қатан бақылауға алу қажет екенін көрсетеді. Баланың қауіпсіз әрі бақытты қоғамда өмір сүруі – әрбір ел азаматына артылған жүгі ауыр жауапкершілік.



## Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Нұрғасым Әжітаев 1925 жылы Семей облысы Абыралы ауданына қарасты Сарыкамис деген шағын ауылда дүниеге келіпті. Үш жасында отбасымен Құлжабасы деген жерге қоныс аударған. Алайда Кеңес Одағының индустриаландыру және күштеп ұжымдастыру саясатының салдарынан миллиондаған халық аштықтан қырылған жылдары Нұрғасым ақсақалдың да ата-анасы аман қалу үшін Семей қаласын паналапты. Кейіпкеріміз 1938 жылы кеңестік ұжымдастыру кезеңінде құрылған Еңбек ұжымшарында жеті жылдық мектепте білім алған.

1943 жылдың қаңтарында соғыстың нағыз қызған шағында буыны бекіп, бұғанасы қатпаған Нұрғасым Әжітаевты да бар-жоғы 18 жасында Жанасемей аудандық әскери комиссариатынан әскер қатарына шақырылып, соғысқа аттанған. Алдымен Новосібір қаласында мергендер мектебінде жіті дайындықтан өтіп, бір жыл ішінде үздік тәмамдаған балаң жігіттің әскери қабілеті бірден байқалады. Сынақ кезінде нысана көздеуден алдына қара салмаған жас жігіт қолына ұсынылған үш оқтың бәрін дәл тигізеді. Басшылықтың

назарын бірден өзіне аударған сарбаз осылайша жолдамамен Мәскеу түбіндегі шайқасқа аттанады. Құралды көзге алған мерген бұдан кейін Маршал Малиновскийдің қолбасшылығымен Керчь қаласын жау қолынан азат етуге қатысады.

Курск доғасындағы қанды шайқастың тап ортасына топ ете түскен. Майдан даласында оқ пен оттың ортасында талай ұрысты бастан кешірген кейіпкеріміз 293 атқыштар дивизиясының құрамында болыпты.

Қарияның есінде күні бүгіндей сайрап тұрған азапты күндердің ең ауыр кезеңдері де Берлинді алуға бағытталған шешуші шайқасқа болса керек. Рейхстагтың төбесіне ту тігіліп фашистік Германия тізе бүккенімен де одан әрі 1945 жылдың тамызынан қыркүйегіне дейінгі аралықта Жапон соғысына да белсене атсалысқан. Соғыстағы ерліктері мен батылдықтары ескеріліп, рота старшинасы шені де берілген.

Майдан даласында көзсіз ерліктерімен талай мәрте көзге түскен кейіпкеріміздің алған марапаттары да жетерлік. Кеудесін тұтастай жапқан медальдар мен төсбелгілер сол отты күндерден қалған құнды естелік. Соғыс жылдарындағы батылдығы үшін Нұрғасым ақсақал «Медаль за Победу»,

Қан майданда жаумен кескілескен ұрыста Отаны үшін от кешіп, Жеңіс үшін жанын салған майдангерлер қатары күн өткен сайын сиреп барады. Дегенмен отты жылдарды басынан өткеріп, жаумен арпалысқан қазыналы қариялар саусақпен санарлық болса да әлі де ортамызда. Солардың бірі – Нұрғасым Әжітаев. Ғасыр ғұмырды артақ тастаған абыз қария бүгінде елорданың іргесіндегі Қосшы қаласында тұрып жатыр. Жүз жасаған Нұрғасым Әжітаевтың басынан кешкендері қазіргі бейбіт күнде еркін өскен бүгінгі балалар үшін ертегі сияқты көрінуі де мүмкін. Өйткені ғасыр ғұмырында Нұрғасым ақсақал талай ауыртпалық пен қиындықты бастан өткерген. Сондықтан ерлік пен елдікке толы қарияның өмір жолын бүгінгі ұрпақ санасында қалғаны жөн деген ойдамыз...

# ҒАСЫР ЖАСАҒАН АРДАҒЕР

II дәрежелі Отан соғысы ардагері, Кеңес Одағының маршалы Г. Жуков медалі ғана емес, Жеңістің 55 жылдық құрметіне 1941-1945 жылдары соғыс ардагері белгісі, Жеңістің 55 жылдық құрметіне 1941-1945 жылдары «Тын жерлердің негізі», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 20, 40, 50, 55, 60, 65, 70, 75 жылдық мерекелік медальдары, «Құрметті Қажы» алтын медалі, ел Президентінің атынан және аудан әкімдіктерінің атынан алғысхаттарымен марапатталған.

Соғыс аяқталып, бейбіт өмір басталғанымен, кейіпкеріміз еңбек майданынан да қол үзбеген. Елге оралған соң Нұрғасым Әжітаевты Владивосток өлкесінің Артем қаласындағы әскери бөлімде комсомол ұйымына жетекшілік етеді. Краснояр өлкелік съезіне екі мәрте делегат та болып қатысады. Өзі ісін асқан жауапкершілікпен атқаратын мінсіз қызметі мұнда да көзге бірден көрініп, жанкешті еңбегі үшін өлкелік мәдениет үйі Хабаров өлкесіндегі қызыл әскер ұйымының мұрағатында «Алтын әріппен аты жазылды» деген грамотасын табыстапты. 1951 жылы өзі туған Абыралы ауданындағы оқу бөліміне «Әскери инспектор» болып қызметке орналасады.

Дегенмен отбасылық жағдайларға байланысты 1952 жылы Шар қаласына ауысып, шағын стансада теміржол кезекшісі болып та еңбек етеді. Дәл сол жылы Шар қаласында өмірлік серігі Нұрзілөт Құсайынқызымен отбасын құрған.

1957 жылы Қайнар ауылына қоныс аударған он саусағынан өнер тамған кейіпкеріміз ағаш шебері болып 20 жылдан астам уақыт еңбек етіпті. Ауыр еңбекті бір кісідей жасаған қария 1985 жылы лайықты еңбек демалысына шыққан. Биыл 100 жасқа келгенімен, қария әлі де тын. Бүгінде жеті баласынан 10 немере және 13 шөбере сүйген кейіпкеріміз адал жары Нұрзілөтпен бірге балаларының саналы болып өсуі үшін аянбай еңбек еткен. Абыз ақсақал ең алдымен елдің амандығы мен бүтіндігін тілейді.

– 1932 жылы жетім балалар үйінде тәрбиеленіп жүріп, Нұрзілөшмілді сол жетім балалар үйінде кездестіріп, екі жетім солай далала жүргенде қосылып отбасын құрдық. Бармаған жерім, баспаған тауым жоқ. Ушелье Тайғанын ішінде ұшқыш болып аспанда жүрдім. Дүниежүзілік соғыста танкист болып танкіде де жүрдім. Неше түрлі азапты көрдік. Барлығынан өлмей әлі күнге аман-есен жүргеніме

төбеге етемін. Қазір қартайып қалдым. Көбін ұмытып қаламын. Кейде өз атымды өзім айта алмай қаламын. Бар тілегім – ең бастысы еліміздің іргесі бүтін болса екен, – дейді Нұрғасым Әжітаев ақсақал.

Ғасыр жасаған абыз ақсақалдың балалары да әкелерінің еңбекқорлығының арқасында ел ағасына айналғанын мақтанышпен атап өтті.

– Әкеміз өмір бойы айналасына сыйлы, қадірлі азамат болды. Өте еңбекқор, қол қусырып отыруды білген емес. Бізді де соған баулыды. Бастаған ісін соңына дейін жеткізбей тынбайтын», – дейді Нұрғасым ақсақалдың ұлы Ермек аға.

Бүгінде Нұрғасым ақсақалдың әулеті Қосшы қаласын мекен еткендеріне үш жылдың жүзі болған. Жастайынан елдің амандығы үшін қолына қару алып, сұрапыл соғыстың бел ортасында қан кешкен қария сөзін келер ұрпақтың Тәу еткен тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түйсініп жатқандығын түйіндеді.

– Өскеден ұрпақ бүгінгі бейбіт күннің қадір-қасиетін ұғынып, тәуелсіздіктің баға жетпес байлық екенін білуі пәрыз, – дейді абыз ақсақал.

Әр атқан таңнан күннің батқанына дейін ел амандығын тілеген ғасыр жасаған қарияның әлі де жасауын біз де тіледік...



## Ербақыт ЖАЛФАСБАЙ, Қызылорда облысы

Ғасыр жасаған сырбойлық карт жауынгердің оқ пен оттың ортасында өткізген ауыр да, азапты күндері жан тебірентеді. Адамзатқа алапат қатер төндірген зұлмат соғыстың аяқталғанына биыл 80 жыл болса да, жері үшін жігерін жауға тапталған карт жауынгердің қиын кезеңі дәл бүгіндей көз алдынан кеткен емес.

Соғыс ардагерінің балалық дәурені Қызылорда облысына қарасты сол кездегі Қазалы уезіндегі Жамбыл колхозының 2 ауылдық кенесінде өтті. 1924 жылдың 1 қаңтарында туған жеріне кіндік қаны тамған бала Тілеубергеннің ата-анасы кеңестік колхоздың жұмысында жаппай-тұрмай тер төкті. Отбасында төрт баланың тұңғышы болғасын да, оған артылған жауапкершілік жүгі жеңіл болмады. Ес білгеннен еңбекке бейімделіп, бейнетке шындалып өсті. Мектеп қабырғасында небәрі жеті жылдық білім алған оны катал тағдыр соғыстың соқпағына салды. Сол бір күн карт жауынгердің жалауынан өсте өшкен емес.

1942 жылдың 1 қаңтарында Қазалы ауданынан жинақталған оң-солын танып үлгермеген 370 жасөспірімді эшелонға тиіп, Өзбекстанның Шыршық қаласына жөнелтеді. Олардың қатарында небәрі 18 жастағы Тілеуберген де кете барды. Өзбек жерінде 10 күндей оқу-жаттығу өткізіп, одан әрі әскери эшелон Смоленск түбіне жетті. Сол жерде жас сарбаздарды бөліп, майдан даласына айдалды. Қазалылық жауынгер артиллерияға жіберіліп, 76 миллиметрлік соғыс қаруын қолына ұстады. Нақты айтқанда, маршал Жуков басқаратын Беларусь майданының 28 армиясына қарасты 34 артиллерия дивизионы сапындағы жорығын бастады.

Жау әскерінен тайсалмаған ержүрек жауынгер соғыс сүрлеуінде Смоленск мен Минскіні жаудан азат етуге үлесін тигізеді.

Негізінен, оның зұлмат кезеңде майдан даласында жүріп өткен жолы бір кітапқа азық боларлық десек артық айтпаспыз. Қызығынан қасіреті басым күндердің бірінде, яғни 1943 жылдың соңына таяу ол майдан даласында ауыр жаракат алып, Тбилиси госпиталында ем алуға мәжбүр болады. Беті бері қарағасын өз әскеріне қайта қосылып, алдымен автоматшы, кейін барлаушы болып, азаматтық борышын абыроймен атқарады.

Сұрапыл соғыстың салқыны талай тағдырды талқан етті. Зұлмат жылдары ер-азаматтар қару асынып, майданға аттанғанда әйелдері белі бүгіле ауыр жұмыстар атқаруға мәжбүр болды. Құн санап майдан даласынан жеткен қаралы қағаз талайдың қабырғасын қаиыстырып, шаңырағын ортасына түсірді. Сол бір отты күндердің бүгінгі тірі куәсі Тілеуберген Тобабергенов әлі күнге соғыс өртінің зардабын қынжылыспен еске алады.

# ОТТЫ КҮНДЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Бұл жолғы жорығында Кенигсберг, Чехословакия, Румыния, Польша жерін жау қолынан азат етіпті. Ал жеңісті 1945 жылдың 9 мамырында Берлинде қарсы алыпты.

Алайда оны туған жеріне бірден қайтармапты. Соғыстан кейін ол неміс-фашист басқыншыларының тұтқына түскендерін күзетуге жіберіледі. Елге тек 1947 жылы қайтуға мүмкіндік алады.

Тілеуберген ақсақалдың оқ пен оттың ортасында жүріп, жау әскеріне қарсы көрсеткен ерен еңбегі ескерусіз қалмады. Сол кезеңде «Отан соғысы» орденімен, «Кенигсберг пен Берлинді азат еткені үшін және Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталады. Жалпы, жауынгердің медаль толы костюмінен көз сүрінеді.

Елге келесін отбасын құрып, қауқары кемігенше жол жөндеу мекемесінде күзетші, кейіннен дәнекерлеуші болып, адал еңбек

етіп, ел алдында сый-құрметке бөлене білді. 1964 жылы Қазалыдағы ПМК-86 мекемесінен зейнет демалысына шығыпты.

Қазір 101 жасқа қараған тірі тарих Тілеуберген ақсақалға қызы Марал камкор болып отыр. Әрдайым қарттықтан қажыған әкесінің ақ жағасын қирлетпей, қарнын аштырмай, бар жағдайын жасап жүр.

«Әкеміздің соғыс жылдары жасаған көзсіз ерлігі кеудемізге мақтанш сезімін ұялатады, – дейді бізбен әңгімесінде карт жауынгердің қызы Марал Дүзбай. – Бүгінде әкемізді қарттық жеңіп, күтіммен ғана отырған жайы бар. Ауданның соғысты көрген соңғы куәсі ретінде бәрі құрметпен қарайды. Хал-жағдайын сұрап, шаңырағымызға елге белгілі талай игі жақсылар жиі келіп тұрады. Соның өзі әкеміздің еліміздің тыныштығы жолында бейбітшілік туын биік ұстап, жау әскеріне сес болып, оқтан тайсалмаған ерен еңбегінің өтеуі деп білемін. Әрдайым елімізде тыныштық орнап, енді ондай сұрапыл соғыстың қайталанбауын күні-түні тілеп отырамыз, – дейді ол.

Жалпы, 50 миллионнан астам тағдырды қыршынынан қиған соғыс өрті талай отбасына орны толмас қасірет алып келді. Бірі асыраушысынан айырылса, енді бірі бауыр еті баласынан көз жазып қалды. Із-түзсіз жоғалып кеткендердің санында тіпті есеп жоқ.

Мәліметке сәйкес, сол зұлматта Қызылорда облысынан 150 мың сарбаз жау әскеріне қарсы қару кезеңіпті. Соның ішінде 60 мың сырбойлық жауынгер елге дін-аман келсе, бір ғана Қазалы ауданынан бес мыңға жуық азамат туған жеріне жаралы, науқас күйде оралған екен.

**Тілеуберген ақсақалдың оқ пен оттың ортасында жүріп, жау әскеріне қарсы көрсеткен ерен еңбегі ескерусіз қалмады. Сол кезеңде «Отан соғысы» орденімен, «Кенигсберг пен Берлинді азат еткені үшін және Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталады. Жалпы, жауынгердің медаль толы костюмінен көз сүрінеді.**



## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Сатып алуды ұйымдастырушы:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі - Университет).

**Мекенжайы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

**Сатып алу әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің «Өкілетті кеңес тарапынан қосымша қаражат есебінен ұсынылған тауарларды (моноблок жиынтымен) сатып алу».

**Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі:** Тараптар келісім шартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 45 күн мерзімі.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сәйкес сабаға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуы қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

а) әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары;

б) әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда:

а) соңғы бес жыл ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде тауарлар мен қызметтерді өткізгенін растайтын құжаттары;

б) әлеуетті өнім берушінің өндірістің қуатына, ғылыми-зерттеу және тәжірибелі конструкторлық жұмыстарына және сапаны жақсарту шараларына қатысты құжаттары;

с) әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің бар екенін немесе осындай қызметкерлерді жұмысқа тартатынын растайтын құжаттары;

д) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы өкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

е) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

ф) әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;

г) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сәйкес аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген сертификаттары және тауарды өндіруші ұйымның ресми дилері екендігін нақтылайтын құжаттары;

h) басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері.

і) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың сапасына қарай жоғарыда көрсетілген ақпараттың немесе құжаттардың қайсысының біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру кезінде талап етілетін конкурстық құжаттамада және сатып алуға немесе біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурста қатысты хабарландыруда немесе шақыру қағаздарында көрсетіледі.

Конкурста қатысушылардың Түркістан қаласында құрылымдық бөлімшесі немесе тауарларды тектізуге қатысты серіктес мекемелері бар болған жағдайда құрылымдық мекемесінің деректері туралы немесе серіктес мекемесімен міндеттемелер бойынша жасалған шарттарын ұсынуы қажет.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz>

сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 12.05.2025ж. (12:00), 201 кабинет.**

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар баулауын, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

17 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Кітап оқитын елге айналудың нақты жолы – жастардың кітапқа бас қоюы мен шалғай елді мекендерге жаңадан шығып жатқан кітаптардың жедел жетуі. Қазір осы екі мақсатта қатар жұмыс атқарып келе жатқан OYORDA оқырман клубы бар. Мұның негізін қалаған – жас кітапқұмарлар, клуб мүшелерінің де дені жастар. Бүгінде мұндай ұйымдардың құрылуы қарқынды жүзеге асуда, әрқайсысының өз үні бар. Демек, кітап оқу мәдениетінен алшақтап бара жатырмыз деген түсінік қате.

## Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

OYORDA оқырман клубының мүшелеріне қарап, кітап оқу, жанр таңдау қызығушылығы салаға қатысты бөлінбейтініне көз жеткізуге болады. Өйткені олар көркем әдебиетте де, психологияны да, ғылыми негізде жазылған еңбекті де бірге оқып, рухани бас қосу алаңында бірге талқылайды. Ердәулет Құрал – біз айтқан OYORDA оқырман клубының негізін қалаушы. Өзі инженер-жобалаушы болғанымен, кітапқа қызығушылығы жоғары болуынан кітапқұмарлар қауымдастығын құрып, оны ары қарай дамыту мен жастардың игілігі үшін жұмыс істеуді миссиясына айналдырыпты. «Бұл үрдіс желігі жарқ етіп бірден басылатын жеңіл дүние емес, салмақты һәм өміршен болуға тиіс» дегенді негізгі қағидасының біріне енгізген. Айналасындағы қатарластарының терең ізденіске, рухани дамуға ұмтылысы OYORDA-ның алғашқы қадам жасауына түрткі болғанын атап өтті ол. Сөйтіп, былтыр жыл басында ерікті жастар алғашқы құрылтайын өткізіп, қауымдастық ретінде ресми жұмысының тұсауы кесілді.

– Жүйе бойынша Ойорда 3 айлық маусымды камтиды. Мысалы, осы маусым «Көкжиек» деп аталады. 3 ай уақытта оқырмандар 4 бағытқа, дәлірек айтқанда, тұлғатану, көркем әдебиет, тұлғалық даму, іскерлік әдебиет бойынша топтарға бөлініп, осы бағытта кітап оқиды. Қызығушылықтарына қарай, әр бағытта оқырман саны да әртүрлі. Ұйымдастырушылардан бөлек, қауымдастыққа кез келген адам мүше бола алады, алайда маусым басындағы тіркелу уақытынан кеш қалмауға тиіс. Ойордадағы әрбір топ – жауапкершілікке құрылған шағын қауымдастық. Әр оқырманның өз орны, әр дауыстың мәні бар.

Ойорданың ерекшелігі – жүйе мен жан-жақтылық. Ұйым мүшелері айына бір кітапты оқып, оны талқылауы керек. Бірақ негізі мақсат ол емес, мақсатымыз – әр адамның сана биігіне шығуы, яғни оқығаны есте қалып, оны өмірде қерегіне пайдаланса екен деген оймен талқылау сабағына қатыстырып, сыни ойлауға итермелеу, – дейді Ердәулет.

Білімі терең, ойы ұшқыр жастардың интеллектуалдық және рухани дамуына бағытталған Ойорда қазір 300-ге жуық кітапсүйері бар ортаға айналды. Ал оқырмандардың орташа жасы – 20–25 жас арасында. Ерболат Аянұлының айтуынша, жоба құрамында 9 жастан бастап 30-дан асқан азаматтарға дейін түрлі санаттар құрылған. Яғни, жас шектеуі болмағанымен, ниет пен жауапкершілігінің болғаны маңыздырақ.

Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Бұл бастама былтырдан бері қатаң



# OYORDA – ОЙЛЫ ЖАСТАР ОРДАСЫ

түрде қолға алына бастаған еді. Шет аймақтарға кітап жеткізудің өзі кедергі саналатын. Осындай кедергіге бетпе-бет келіп, әр өңірдегі оқырманның сұранысын қанағаттандыру үшін ойлы жастар ордасының мүшелері OYORDA ауылда жобасы аясында бір мүддеге жұмыла жұмыс істемек. Қауымдастық президентінің айтуынша, бұл жоба арқылы ауыл жастарының кітап оқуға қызығушылығын ашуға, арттыруға болады.

– Кітаптарды ішіміздегі белсенділерімізден, жеке азаматтардан және баспалардан (мысалы, Qasym Kitap) жинаймыз. Жақында OYORDA ауылда жобасы аясында бірнеше ауылда тұрақты оқырмандар клубын ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл істе демеушілердің де, еріктілердің де рөлі маңызды. «Ауылға кітап ал» бойынша еріктілер бар. Егер біздің арамздан біреу ауылына кітап апарғысы келсе, өзінің шотына қаржы жинайды. Біз апаруға көмектесеміз. Әр ауылдың кітапханасын жаңа әдебиеттермен толтыру арқылы ауыл жастарына сапалы білім мен мәдени дамуға мүмкіндік береміз. Осы уақытқа дейін Ақмола облысы мен Астана маңайындағы мектептерге кітаптар жеткізілді, – деді ол.

Айта кету керек, оқырмандар клубы жобасының аясы кең. Кітап талқылаудан бөлек

куиздер, мәдени кештер, саяхат пен турнирлер жиі ұйымдастырылады. Мысалы, OYORDA Quiz – командалық көңілді-интеллектуалды ойын болса, OYORDA Talks-тың мақсаты – қоғамды дамытуға әрі жақсартуға бағытталған жоба авторларымен, қазақтілді үздік мамандармен кездесу. Қазақтілді зиялы спикер мен зиялы аудиторияның байланысын арттыру арқылы идея алмасу, тың жобаларға серпін беру. Ал OYORDA Sapar еліміздің түрлі аймақтарындағы тарихи-мәдени жерлерімен танысу арқылы таным көкжиегін кеңейту бағытында жүзеге асады. Бұған дейін ойордалықтар Қарағанды, Алматы қалаларына сапарлатып келді. OYORDA Fest – кітапты насихаттау, оқуға деген қызығушылығы мен қоғамның интеллектуалды құндылықтарын арттыру, кітаптарға екінші өмір сыйлау болса, Cash Flow қаржы сауатын арттырып, инвестициялау, кәсіптегі шешімдерді қабылдау және қаржылық менеджментке қатысы білімді арттыруға көмектеседі. Бұл бағыттардан бөлек, жақында ойордалықтардың мансабында тағы жаңа орын шымылдығын түрді. OYORDA Kitap & Kofe – кофе ішуге келетін арнайы орын емес. Бұл – шығармашы жастардың меке-ні.

**Ойорданың ерекшелігі – жүйе мен жан-жақтылық. Ұйым мүшелері айына бір кітапты оқып, оны талқылауы керек. Бірақ негізі мақсат ол емес, мақсатымыз – әр адамның сана биігіне шығуы, яғни оқығаны есте қалып, оны өмірде қерегіне пайдаланса екен деген оймен талқылау сабағына қатыстырып, сыни ойлауға итермелеу.**

– Kitap & Kofe кофе мен кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ашылды. Кітапсүйер жандарға жайлы атмосферада тыңғуға барынша жағдай жасалды. Сонымен қатар аптасына бірнеше рет кітап талқылары, тіл клубтары, мәдени-танымдық кездесулер, әдеби кештер өтеді. Іс-шараларға кез келген адам келе алады, яғни Ойорда мүшесі болу міндетті емес, – деп ойын түйді Ердәулет Құрал.

Бүгінде кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап оқитын елге айналу – озық ойлы ұлт болуға ұмтылуға басты мақсатымызға айналды. Осыған орай биыл елімізде алғаш рет Ұлттық кітап күні аталып өтеді. Осындай бірегей жобалардың жүзеге асуына қолқанат болып жатқан жастардың бастамасы оқырманына ғана емес, қоғамға да игілігін тигізіп келеді. Бүгін технология билеген заман болса да, кітап құны түспей, оқуға құмартып тұратындардың саны көп болуы – адам болмысының тазалығынан, рухани дүниелерге шөліркеп, оны іздеп тұратынынан.

## «АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Kazak Türkleri Vakfi ғимаратында «Абай Академиясы» ғылыми-зерттеу институтының, «Абай-Жидебай» қоғамдық қоры және ASDEKOR компаниясының бірлесіп ұйымдастыруымен «Абай Даналығы. Abay'ın Bilgeligi» атты альбом-кітаптың тұсаукесері өтті.



Қазақша-түрікше жарық көрген альбом-кітапта Абай қарасөздеріндегі түйінді ойлар мен нақыл сөздер және елімізге танымал белгілі суретшілердің қылқалам туындылары берілген.

Салтанатты жиынға Қазақстанның Ыстамбұлдағы бас консулы Нуриддин Аманқұл, үшінші хатшы Алмас Ешанқұлов, «Абай академиясының» директоры Жандос Әубәкір, әдебиет демеушісі Аскар Тәжікен, Абай ілімінің жанашыры Еркеғали Кәрібозов, «Қазақ Түріктері Қорының» басшысы Ілияс Сақа, Ыстамбұлдағы қазақ ағайындар мен түбі бір түрік туыстар және «Абай-Жидебай» қоғамдық қорының мүшелері қатысты.

Еуразия ұлттық университеті Абай академиясының директоры Жандос Әубәкір Абай мұрасының құндылығы жөнінде баяндап, альбом-кітаптың ерекшелігін жеткізді. Әсіресе, осы кітаптың жарыққа шығуына қаржылық демеушілік жасаған А.Тәжікен және Ж.Оспановаға зор алғысын білдірді.

Бас консул Нуриддин Аманқұлды Абайдың 180 жылдығы аясында алдағы жоспарларымен таныстырып, атқарған ізгі істерін жеткізді. Сондай-ақ Ұлы ақынның 180 жылдығы аясында бірлескен шараларды өткізу жоспарын талқылады.

Шараға келген Энус Эмренің 22-ші ұрпағы Prof.Dr. Ömer Adil ATASOY өз ниет-тілегін білдіріп сәттілік тіледі. Шара соңында тұсаукесерге келген қонақтарға альбом-кітап таратылды.

## ОРАЛДА ӨZGEEPIC КРЕАТИВ ХАБЫ АШЫЛДЫ

11 сәуірде Орал қаласында еліміздегі креатив индустрияны дамытудағы маңызды қадам – ӨZGEEPIC креатив хабының ресми ашылуы өтті.



Креатив хаб – заманауи өнер мен мәдени тенденцияларды, цифрлық өнер мен жаңа технологияларды тоғыстыратын алаң. ӨZGEEPIC хаб осы бағытта инновациялық жобаларды жүзеге асырып, жастардың шығармашылық бастамаларын дамытуға үлес қосып келеді. 2019 жылы Алматы қаласында бастау алған жоба, Түркістан және Астана қалаларында жалғасын тауып, табысты тәжірибеден кейін биыл Орал қаласында ашылып отыр.

«Креативті индустрияны дамыту – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі, бұл сала Мемлекет басшысының назарында. ӨZGEEPIC Орал орталығы жас таланттар үшін жаңа мүмкіндіктер алаңына, шабыт ұясына айналады деп сенеміз», – деді Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев.

ӨZGEEPIC Орал креатив хабының ашылуы өңірдегі мәдени және интеллектуалдық әлеуетті арттыруға зор үлес қоспақ. Жаңа кеңістікте мәдениет пен технология саласындағы әртүрлі қызмет бағыттары бір алаңда тоғысады.

«Бүгін – дарынды жастар мен шығармашылық саланың азаматтары үшін маңызды күн. Себебі халыққа қажетті, сұраныстағы түрлі контент дайындайтын, әрі креативті мамандардың кәсіби ортасын қалыптастыратын орта пайда болды. Оралдағы орталық – «Самұрық-Қазына» қорының еліміз бойынша ашқан үшінші креативті хабы. Осыған дейін Ақтөбе және Петропавлда пайдалануға берілді», – деді «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директор Ғибрат Ауғанов.

Креатив хабын экожүйесінде концерт алаңы, театр, кинозал, кітапхана және асхана орналасып, өнер мен білімнің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Сонымен қатар галерея, дәрісхана, коворкинг кеңістігі, өндірістік және медиа цехтар – фото, подкаст және дыбыс жазу студиялары, түсірілім алаңдары жұмыс істейді. Айта кетерлігі, креатив хабта өңірлік анимациялық студия жұмысын бастап, мультипликация мамандары даярланады. Бұл – аймақтағы анимация бағытындағы алғашқы кәсіби студия болмақ.

Қадрларды жүйелі даярлау және креативті индустрияларда білім беру бағдарламаларын дамыту – Қазақстан үшін стратегиялық қажеттілік. Осы орайда хабта сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқу бағдарламасы түзіліп, 200 креатив маман дайындалады. Бұл аймақта жаңа жұмыс орындарын құрып қана қоймай, аймақтық шығармашылық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін артуына ықпал етеді.



AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербайқат ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4581

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,